

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ – ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТИ

ӘОЖ –004.451:89::925.83

Қолжазба құқығында

**Абдиқадыр Ботакөз Қадырқызы**

**БҰЛТТЫ ТЕХНОЛОГИЯ НЕГІЗІНДЕ «АҚЫЛДЫ» БАҒДАРШАМДЫ  
БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРИ**

6M070300 – АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕР мамандығы бойынша техника  
фылымдарының магистрі академиялық дәреже алу үшін магистрлік  
диссертация

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ**

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ – ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТЕ**

**Көргауға жіберілді:**

Компьютерлік инженерия  
кафедрасының менгерушісі,  
техн.ф.к., доцент м.а.

Р.Б. Абдрахманов

(қолы)

«\_\_\_\_\_» 2018 ж.

**Магистрлік диссертация**

**БҮЛТТЫ ТЕХНОЛОГИЯ НЕГІЗІНДЕ «АҚЫЛДЫ» БАҒДАРШАМДЫ  
БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРИ**

**мамандығы: 6М070300 – АКПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕР**

**Магистрант**

**Б.Қ. Абдиқадыр**

(аты-жөні, тегі)

(қолы)

Фылыми жетекшісі,  
техн.ф.к., доцент м.а.

**Б.Н. Қуатбеков**

(аты-жөні, тегі)

(қолы)

## ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл магистрлік диссертацияда жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде дәстүрлі құрылғыларды ақпараттық технология негізінде басқару мүмкіндіктердің артықшылығы мен кемшілігін айқындаپ береді. Қазақстанда цифрлық технологияны әртүрлі салаларда пайдаланудың жолдарын қарастыруда. Ақылды қала ол әкімдікке қалыптасқан, экономикалық түрғыда тиімді және қауіпсіз екені мәлім. Қауіпсіз қала етудің бір жолы бағдаршам. Бағдаршамды интеллектуалды түрде басқарудың тиімділігін бұл магистрлік жұмыста көрсетіледі. Нақты уақыт режимінде бағдаршамнан келетін үлкен көлемді деректерді бұлтта өндеудің жолдары көрсетілінеді. Жол – көлік оқиғалардың көптігі жол ережелерін білмегендіктен, бұл олқылықты жою мақсатында мобиЛЬДІК қосымшаны жасақтау екенін көрсетіледі.

**Кілтті сөздер:** ақылды қала, IoT, IoE, цифрлық Қазақстан, ақылды бағдаршам, бұлтты есептеулер, мобиЛЬДІ қосымша, бұлтты модель, қауіпсіз желі, виртуализация, аралас бұлт, ITaaS, ETC, жол-көлік оқиғасы, бұлтты технология, үлкен деректер.

## АННОТАЦИЯ

Эта магисторская диссертация определяет преимущества и недостатки управления традиционными устройствами на основе информационных технологий при обеспечении безопасности дорожного движения. Казахстан рассматривает возможность использования цифровых технологий в различных областях. Умный город хорошо известен своими экосистемами, экономически эффективными и безопасными. Один из способов безопасности города – это светофоры. В этой магистерской работе показана эффективность управления интеллектуальными светофорами. В режиме реального времени показано как облако обрабатывает большой объем данных поступающий из светофора. Большинство дорожно – транспортных происшествий происходит из-за незнания правил дорожного движения, для их устранения, нужно разработать мобильное приложение.

**Ключевые слова:** умный город, IoT, IoE, цифровой Казахстан, облачные вычисления, ЦОД, виртуализация, высокоскоростные сети, безопасность сети, облачные сервисы, ITaaS, гибридное облако, расширенное полное облако, умный светофор, большие данные.

## ABSTRACT

In this thesis, determines the advantages and disadvantages of managing traditional devices based on information technology while ensuring road safety. Kazakhstan is considering the use of digital technologies in various fields. One of the ways to safety of the city is traffic lights. This master's work shows the effectiveness of the management of intelligent traffic lights. Real-time is shown as a cloud to process a large amount of data coming from the traffic lights. Most traffic accidents occur due to ignorance of the rules of the road, to eliminate them, you need to develop a mobile application.

**Keywords:** smart city, IoT, IoE, digital Kazakhstan, smart traffic light, cloud computing, datacenter, virtualization, high-speed networks, network security, cloud services, ITaaS, hybrid cloud, expanded full cloud, big data.

## ÖZET

Bu tezde yol güvenliğini sağlarken, bilişim teknolojisine dayalı geleneksel cihazların yönetilmesinin avantaj ve dezavantajlarını belirlemektedir. Kazakistan çeşitli alanlarda dijital teknolojilerin kullanımını düşünüyor. Şehrin güvenliği yollarından biri trafik ışıkları. Bu ustancın işi, akıllı trafik ışıklarının yönetiminin etkinliğini göstermektedir. Gerçek zamanlı trafik ışıklarından gelen büyük miktarda veriyi işlemek için bir bulut olarak gösterilir. Trafik kazalarının çoğu, yolu kurallarının ihmalinden dolayı meydana gelir, bunları ortadan kaldırmak için bir mobil uygulama geliştirmeniz gereklidir.

**Anahtar kelimeler:** akıllı şehir, IoT, IoE, dijital Kazakistan, akıllı trafik ışığı, Bulut bilişim, veri merkezi, sanallaştırma, yüksek hızlı ağlar, ağ güvenliği, bulut hizmetleri, ITaaS, karma bulut, genişletilmiş tam bulut, büyük veri.

## МАЗМҰНЫ

|  |           |
|--|-----------|
| НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР .....   | 6         |
| АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР .....   | 7         |
| КІРІСПЕ .....  | 9         |
| <b>1 Ақпараттық технологияны жол жүрісін ұйымдастыру мақсатында пайдалану.....</b>   | <b>12</b> |
| 1.1 The Internet of Everything және the Internet of Things негізгі түсініктері, есептері және даму тенденциялары.....              | 12        |
| 1.2 ҚР жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында IoT-пен байланыстыру.....  | 16        |
| 1.3 Ақылды қалалардың жұмыс істеу принциптері.....   | 21        |
| 1.4 Бағдаршамды интеллектуалды түрде басқару жүйелері.....   | 25        |
| <b>2 Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында радикалдық инновациялық технологияны пайдалану.....</b>                    | <b>34</b> |
| 2.1 Бұлтты технологияны қолдану тиімділігіне талдау.....   | 34        |
| 2.2 Бұлтты технология негізінде «акылды» бағдаршамның басқару жүйесінің есебі. Smart Traffic Lights мобильдік қосымшасын құру..... | 44        |
| <b>ҚОРЫТЫНДЫ .....</b>   | <b>58</b> |
| <b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ .....</b>   | <b>59</b> |
| <b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІНЕ СІЛТЕМЕЛЕР .....</b>  | <b>65</b> |
| <b>ҚОСЫМШАЛАР</b>  |           |

## **НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Осы магистрлік диссертацияда келесі стандарттарға сілтемелер пайдаланған:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы;
- «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпығы міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №1080 Қаулысы;
- «Жоғары білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 Қаулысы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурызындағы № 125 бұйрығымен бекітілген «Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізуудің үлгі ережесі» (2010 жылдың 13 сәуіріндегі №168, 2011 жылдың 16 наурызындағы №94, 2013 жылдың 4 қарашасындағы №445 өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес жасалғаны);
- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мамандықтарының жіктеуіші ҚР МЖ 08-2009;
- Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ КФТК ережесі;
- ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 Құжаттаманы басқару;
- ҚП ХҚТУ-4.2.4-2009 Жазбаларды басқару.

## АНЫҚТАМАЛАР

- **аралас бұлттар** - гибридті бұлттың инфрақұрылымы екі немесе одан да көп жеке элементтерден тұрады - бұл инфрақұрылымдары (жеке, қоғамдық немесе қауымдастықта тиесілі);
- **виртуалды машина** — бұл түтелімен жеке бағдарламалық контейнер, ол физикалық компьютердегі сияқты өзінің операциялық жүйесі және қосымшаларымен жұмыс істейді;
- **виртуализацияда** - бұл бір физикалық компьютерде бірнеше виртуалды компьютерлердің іске қосылуы;
- **деректерді сақтау жүйесі** – ақпараттық қорларды тиімді сақтау мен оларға рұқсатты қамтамасыз етудің бағдарламалық-аппараттық шешімі;
- **жеке бұлттар** – жеке бұлт тек бір үйім үшін жасалады. Физикалық жағынан, инфрақұрылым кәсіпорынның аумағында немесе одан тыс болуы мүмкін, сонымен қатар жеке жеткізушіге жатады. Жеке бұлт осы үйім қызметкерлеріне ғана қызмет көрсетеді;
- **жоғары дәрежеде сенімділік** – жүйенің барлық компоненттерінің толық немесе жартылай резервтелеудің арқылы орындалады;
- **жоғары дәрежедегі өнімділік** – қатты дискілердің санымен, кәш-жадының көлемімен, процессорлық жүйенің қуатымен, ішкі және сыртқы интерфейстердің санымен анықталады;
- **жол жүрісі қағидалары** – Қазақстан Республикасының аумағында жол жүрісінің бірыңғай тәртібін, жол жүрісін ұйымдастырудың техникалық және басқа да құралдарының мақсаты мен қолданысын белгілейтін нормативтік құқықтық акт;
- **жол жүрісі қауіпсіздігі** – қатысуышыларының жол-көлік оқиғалары мен олардың зардаптарынан, сондай-ақ жол жүрісінің экологиялық жағдайға, халықтың денсаулығына теріс әсерінен қорғалу дәрежесін көрсететін жол жүрісінің жай-күйі;
- **жол-көлік оқиғасы** – көлік құралының жолда журуі процесінде және оны көлік құралының жолда журуі процесінде және оның қатысуымен туындаған, адамның денсаулығына зиян келтіруге, өліміне, көлік құралдарының, құрылыштардың, жүктөрдің бүлінуіне не өзге де материалдық залалға әкеп соққан оқиға.

**БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**

- КР - Қазақстан Республикасы
- IoE - The Internet of Everything
- IoT - the Internet of Things
- P2P – адам мен адам
- M2P – машина-адам
- M2M – машина-машина
- ЖКО – жол-көлік оқигалары
- АТ – ақпараттық технология

ОКН  
Күннің

## КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы – адам [1]. Сол себептен ақпараттық технологиялардың маңсаты – адамзат баласының өмірін қауіпсіз ету. Қазіргі уақытта IT әртүрлі салаларға бағытталған. Сол бағыттардың бірі – ақылды қала. Ақылды қалалар туралы әлемде көптеген тұжырымдамалар бар. Соның бірі, «Ақылды қала – халық үшін қолайлы өмір сұру жағдайларын жасау, қалалық ресурстар мен қызметтерді басқаруды жетілдіру стратегиясы» [2]. «Ақылды қала» ұғымы интеллектуалды орта мен басқаруды жасау үшін көптеген компоненттерді қамтиды: медициналық көмек, білім беру, инклюзивті қоғамдағы өмір, коммуналдық қызмет, қала ішілік қозғалыс, төтенше жағдай, іскерлік сапар, ғимараттар құрылышы, таза қалада тұру, ауыл шаруашылығын және қаланы басқару [2]. Ақылды қаланың бесінші концепциясы – қала ішілік қозғалыс. Бұл концепция негізінде келесі бағыттар бойынша жұмыстар жүргізу қарастырылған. Олар: көлік қосымшасы, ақылды тоқсауыл, жол сапасын бақылау жүйесі, фото-бейне жазбалар мен бейне-аналитика жүйесі, ақылды бағдаршам, айнымалы ақпарат көрсету дисплейі, жүргізуіз такси қызметі, ақылды тұрақ, ситуациялық және талдамалық орталық, ақылды аялдама, диспетчерлік жүйе, мектеп автобустары жүйесі, жаяу жүргіншілер өткелінің жарықтандыруы, қауіпсіздік жолақ, жол тазалау мониторинг және т.с.с. [2]. Қосымша А толық нұсқасымен таныса аласыз.

КР Президенті Н.Ә.Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауын да қазіргі кезең IT заманы екенін атап өтті. Цифрлық технологияларды бүкіл салаларға тиімді жолдары бойынша қарастыруды тапсырды. Оныншы міндетте ақылды қалалар, ақылды ұлт үшін екенін атап өтті [3]. Қосымша Б толық нұсқасымен таныса аласыз.

Жол қауіпсіздігі заманауи ақылды қалалардың маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Шын мәнінде, урбанизация автомобилдік көлік саласын дамытумен қатар, қазіргі заманғы ірі қалалардың көшелерімен жүретін үлкен көлік ағындарының пайда болуына әкелді. Осыған байланысты шектеулі жағдайларда үлкен автокөліктер жинақталды - көп жағдайда жол-көлік инфрақұрылымы жолдарда тоқтап қалуға және соның салдарынан жеткізу тізбегіндегі мәжбүрлі кешіктірulerге алып келеді.

Жол жүрісін ұйымдастыру проблемасына тап болған әлемдегі алғашқы қалалардың бірі Нью-Йорк және Токио. Әрине, қазіргі уақытта бұл қалалар жол және көлік мәселелерін шешуде ең маңызды тәжірибелеге ие. Басқа мегаполистердің арасында мұндай проблемаларды жеткілікті жоғары деңгейде шешу үшін ең алдымен Сеул, Лондон, Сингапур, Мельбурн және Лос-Анджелес қалаларын атап айтуда қажет. Осы қалаларда, мегаполистердің ерекшеліктерін ескеретін әдістермен қатар көшелерді жинаудан, босатудың жалпы тәсілдері қолданылды. Жинақталған тәжірибелі талдай отырып, төтенше жағдайлармен құресудің қолданыстағы әдістерінің көпшілігі осы проблеманың жүз жылына қалыптасқан зияткерлік базаның қандай да бір

түріне сүйенетіні есіңізде болсын. Қазіргі уақытта ағымдарды басқарудың заманауи мәселелерін зерттеу үшін маңызды, бірақ сонымен бірге үнемі дамып келе жатқан зияткерлік негіз бар екендігін айта керек.

Трафик ағындарын басқару үшін автоматты бағдаршамдарды басқаруды жетілдіру және енгізу құрделі міндет болып табылады, интеллектуалды көлік жүйелерінде практикалық тәжірибелі, соның ішінде шетелдік тәжірибелі жақсы ойластырылған ғылыми-теориялық зерттеулер мен талдаудың нәтижесінде шешілуі мүмкін.

Автор бұл магистрлік диссертациясында ақылды бағдаршамды бұлтты технология негізінде басқару жүйесін құрудың жолдарына талдау жүргізуге арнаған. Магистрлік диссертациясы екі бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлім, ақпараттық технологияны жол жүрісін ұйымдастыру мақсатында пайдалану жолдарына талдау жүргізу арқылы тиімді жақтары мен кемшіліктерін айқындаپ береді. Интернеттің төртінші кезеңіне тоқталып, ҚР ЖКО санының көптігіне статистикалық түрғыда көрсетіледі. Дәстүрлі бағдаршамдардың орнына интеллектуалды түрде бағдаршамды басқару тиімділігін қарастырылады. Қазіргі уақытта жаһандық деңгейде ақылды қалалардың жұмыс істеу принциптерін ашып көрсетіледі. Ең бастысы, бағдаршамды не себепті бұлтты технология негізінде басқару керек екенін дәлелдеп береді.

Екінші бөлім, жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында радикалдық инновациялық технологияны пайдаланудың екі жолы көрсетіледі. Негізі бұл магистрлік диссертацияның мақсаты қазіргі уақытта болып жатқан жол-көлік оқиғалардың себептерін көрсету арқылы, болашақта, алдын - алу үшін, ақпараттық технологияның пайдалану керек екенін көрсету, болып табылады.

**Зерттеудің өзектілігі.** Бағдаршамды басқарудың жолдарына талдау жүргізу. Ақылды бағдаршамдардан алынған деректерді нақты уақыт режимінде бұлтты технология негізінде басқарудың тиімділігі көрсетіледі.

**Зерттеудің мақсаты және міндеттері:** Жұмыстың мақсаты – бағдаршамды интеллектуалды түрде басқару жүйелеріне сараптамалар жүргізу, жол қозғалыс ағындарын реттеу мәселелерін қарастыру, бағдаршамдардың бойында болып жатқан жол апартарға зерттеу жүргізу, бұлтты технология негізінде «ақылды» бағдаршамды басқару жүйесін өзірлеу. Осыған байланысты, осы мақсатқа қол жеткізу үшін келесі міндеттер қойылды:

- ҚР жол-көлік оқиғасының статистикалық мәліметтерімен танысу;
- the Internet of Everything және the Internet of Things негізгі түсініктері, есептері және даму тенденцияларын зерделеу;
- бұлтты технологияның қолдану тиімділігіне талдау жүргізу;
- ақылды қалалардың жұмыс істеу принциптерін анықтау;
- жасанды интеллекті бағдаршамдарды топтау арқылы артықшылықтары мен кемшіліктерін зерттеу.

**Зерттеу нысаны.** Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ қалашығының жанындағы бағдаршам (Түркістан қаласы, Б.Саттарханов көшесі).

**Зерттеуде қолданылған әдістер:** диалектикалық, жүйелік-құрылымдық, функционалдық, салыстырмалы, танымдық, жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдістер жиынтығы, ақпараттық-аналитикалық және статистикалық талдау арқылы шешілді.

**Зерттеудің нормативтік негізі:** Қазақстан Республикасының Жол жүрісі туралы Заңы.

**Зерттеудің ғылыми жаңалықтары:** жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында радикалдық инновациялық технологияны пайдалану, атап айтқанда, Қазақстан Республикасының қалаларындағы бағдаршамдардың бойындағы көлік қозғалысын талдау, сондай-ақ осы саладағы проблемаларды анықтау, соның негізіне жол-көлік оқигаларын азайту бойынша шешімдерді топтау арқылы ақылды бағдаршамды аралас бұлтты деңгейінде басқару жүйесін ұсыну.

**Зерттеудің теориялық құндышылығы.** Диссертация тақырыбын дамыту үшін тиісті теориялық және танымал ғылыми әдебиеттер, ғылыми еңбектер, мақалалар, шетелдік ғалымдардың жұмысын қоса алғанда, зерттелді.

**Зерттеудің практикалық мәні.** Қазақстанда және шетелде жасанды интеллекті бағдаршамдардың жүйелерін пайдаланудың мысалдарынан тұрады. Ғылыми нәтижелердің сенімділігі теориялық есептеулердің сәйкестігі мен практикалық бөлімнің даму нәтижелерімен расталады, сондай-ақ ғылыми әдебиетте алынған нәтижелерді салыстыру арқылы дәлелденді.

**Автордың жеке қосқан үлесі.** Теориялық және қолданбалы зерттеулердің негізгі ғылыми нәтижелері, магистрлік диссертацияда баяндалған тұжырымдар автормен дербес алынған. Осы жұмыста автор проблемаларды тұжырымдау, алгоритмдерді өзірлеу, сондай-ақ бағдарламалық қамтамасыз ету бөліктеге ие.

**Зерттеу нәтижелерінің жариялануы:** магистрлік диссертациялық жұмыстың барысында 2 мақала мен 1 баяндама жарияланды.

**Зерттеу жұмысының құрылымы және қөлемі:** бұл магистрлік диссертациялық жұмысы кіріспеден, екі бөлімнен, қорытынды бөлімнен, пайдаланылған әдебиеттерден, пайдаланылған әдебиеттер тізіміне сілтемелер және қосымшалардан тұрады.

## 1 Ақпараттық технологияны жол жүрісін ұйымдастыру мақсатында пайдалану

### 1.1 The Internet of Everything және the Internet of Things негізгі түсініктері, есептері және даму тенденциялары

Қазіргі таңда Интернет төртінші кезеңді өткізуде. Бірінші кезең - байланыс. Ақпаратқа қолжетімділікті сандық форматта түрлендіру:

- электронды почта;
- веб-браузер;
- іздеу.

Екінші кезең - желілік экономика. Бизнес-процестерді сандық форматқа айналдыру: электрондық коммерция және жеткізу тізбегін цифрлық форматқа түрлендіру. Екінші кезең 1990-шы жылдардың сонына қарай дамыды. Электрондық коммерцияның шығу уақыты мен жеткізілім тізбегін цифрлық форматта айналдыру көзделінді.

Үшінші кезең - топтық жұмыстың тәжірибесі. Цифрлық формадағы өзара әрекеттесуді өзгерту: әлеуметтілік, мобиЛЬДІК, бұлтты және бейне байланыс арқылы. Үшінші кезең 2000 жылдары қолға алынды. Осы кезеңде әлеуметтік желілер, мобиЛЬДІК байланыс, бейне және бұлтты есептеулер кең тарала басталынды. Бұл кезең жұмыс көлемін толығымен өзгерти.

**Төртінші кезең - IoE.** Өлемді сандық форматқа өзара әрекеттесу арқылы: *адамдар, процестер, деректер және заттар*. Қазіргі кезең the Internet of Everything адамдарды, процестерді, деректерді және заттарды біріктіреді, ақпаратты жаңа бағытта басқаруға айналдырады, жан-жақты әсер қалдырады және керемет перспективалар береді [4]. Төменде 1 – суретте Интернеттің төртінші кезеңі бейнеленген.




Сурет 1. The Internet of Everything.

IoE төрт бағананың желісін біріктіруге арналған. Нақты уақытта кез-келген адамдар әлеуметтік желі арқылы бір-бірлерімен байланыс орнату арқылы өздеріне қажетті мәліметтермен алмасу мүмкіндіктерге ие. Адамдар экономикалық жүйенің негізгі фигурасы болып есептелінеді. Адамдардың негізгі мақсаты ол: өмір сұру деңгейін жоғарлату, адамның қажеттіліктерін қанағаттандыру. P2P, M2P және M2M типтер арқылы байланыс орнату кезінде тек адамдарға пайда алып келу шарт. Процестер үш бағаналарды бірігу арқылы жүргізіледі. Процестерді жүйелі түрде жасақталынса онда одан пайда көп түседі экономикалық түркідан қарғанда. Процестерді жүзеге асыру үшін міндетті түрде адам, деректер және заттар қажет [4]. Деректер бұл ақпарат, яғни адамдар мен заттардан алынған ақпараттардың жиынтығы. Деректер жүйелі түрде сұрыпталынған кезде ғана қымбат қазына бола алады. Деректердің үш негізгі формасы бар. Олар:

- құрылымдық деректер;
- құрылымдық емес деректер;
- жартылай немесе төменгі құрылымды деректер.

Деректерді үш түрлі жолдармен сақталынады: жергілікті, орталықтанырылған және таратылған деректер. Төменде 2 – суретте деректердің сақтаулық типтерін көрсетілінген.



Сурет 2. Деректердің сақтаудың үш типі.

Заттар дегеніміз Интернет арқылы бір-бірімен байланыстыратын жасанды интеллекті материалды объектіні айтамыз. Бұл құрылғылар деректерді жинақтау арқылы үлкен концепция жасайды. Сол арқылы адамдар мен машиналарға керекті ақпараттармен алмасып отырады. Нақты уақыт режимінде заттар бағаны дәстүрлі компьютерлермен қоса объектілерді және құрылғыларды байланыстырады. Дәстүрлі емес компьютерлік құрылғылар: *датчик, RFID – метка және контроллер*. Заттарды the Internet of Things (IoT) деп атайды (З пен 4 - суреттерде бейнеленген). IoT дегеніміз бір жүйелі технологияға көшу, бұрын Интернет желісіне байланысқа шықпаған құрылғыларды жөлі арқылы бір-бірімен деректерді алмастыру [4]. Осы бағаналардан алынған ақпарат адамдарға, компанияларға және бүкіл елдерге тенденсіз экономикалық мүмкіндіктерді қамтамасыз ете отырып, жаңа мүмкіндіктерді тудыратын және тәжірибе байытуға мүмкіндік беретін шешімдер мен әрекеттерге әкеледі.



Сурет 3. IoT.

IoE жан-жақты сипаттайтын үш маңызды ерекшеліктер.


1. **Жоғары деңгейлі хабарлар** – датчиктер нақты уақыт режимінде деректер алмаса алады.
2. **Болжамдау** - деректерді талдауга арналған құралдардың жаңа түрлері ұйымдастыруға перспективалық үрдістер мен мінез-құлық үлгілерін болжауға мүмкіндік береді.
3. **Икемділік** - нақты болжамдау, ұйымдарға нарықтың өсу тенденциялары мен қатерлеріне тез жауап беруге, сондай-ақ оларға бейімделуге мүмкіндік береді.



Сурет 4. Ақылды бағдаршамның байланысы IoT.

Төрт бағаналардың бір-бірімен байланысудың 3 типі бар. 5-суретте байланудың түрі көрсетілген.

1. Машина-машина (M2M) байланысы – желі арқылы бір машина өзге машинаға немесе затқа деректер жібергені. Машинаға датчиктерді, роботтарды, компьютерлерді және мобиЛЬДІ құрылғыларды жатқызыңыз.
2. Машина-адам (M2P) байланысы - машина мен адамның арасындағы ақпараттармен алмасуды айтамыз. Егер адам деректер қорынан мәліметтер алуды M2P байланысы дейміз.
3. Адам-адам (P2P) байланысы деп ақпараттар адамдардың арасында алмасу түрін айтамыз. Бұл байланысқа әлеуметтік желі, мобиЛЬДІ құрылғылар арқылы жүзеге асады.



Сурет 5. Байланыстың 3 типі.

M2M, M2P және P2P типтерінің көмегімен шешімдер асыру мақсатында үйымдар мен қызметкерлері практикалық идеялар мен шексіз автоматтандыру жолдарын қамтамасыздандырады [4].

## **1.2 ҚР жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ІоТ-пен байланыстыру жолдары.**

18 қараша 2018 жылы – Дүниежүзілік жол-көлік оқиғасының (ЖКО) құрбандарын еске алу күні. Ең алғаш рет 1993 жылы “RoadPeace” үйымы ЖКО құрбандарының еске алу күніне іс-шара жүргізді, сонында әлемдегі мемлекеттік емес үйымдар бұл іс-шараны қолдады. 2005 жылдың 26 қазан айында БҮҰ қолдау көрсету арқылы, қараша айының үшінші жексенбісін жаһандық күн болуын ұсыныс жасады. Яғни бұл күні адамзат баласы ЖКО құрбандарын еске ала отырып, мұндай оқиғаларға жол бермеуге үндеді [5].

Жылына 1,25 миллионға жуық адам қайтыс болады, 20-50 миллионға жуық адам әртүрлі деңгейде жарақаттанады. ЖКО 90% әлеуметтік деңгейі төмен немесе орташа елдерде тіркелінеді. ЖКО көбіне 15 жастан 44 жас аралығындағы адамдар ұшырайды және жаяу жүргінші, мотоциклші мен велосипедшімен көбіне тіркелінеді [6]. Жылына 15 жастан кіші 20000-25000 жуық бала зардап шексе, 186 мың бала ЖКО қайтыс болады [5]. Жол-көлік оқиғаның салдарынан әрбір елге кем дегенде 3% экономикасына зардап алып келуде [6].

2011 жылдың 11 мамыр айында Пан Ги Мун БҮҰ-ға мүше елдерге үндеу жасады. 2011-2020 жылдардағы жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша онжылдық жоспары таныстырылынды. Егер жол-көлік оқиғасы азаймаса 2030 жылы үшінші жаһандық қауіп болып табылады [7].

Қазақстан Республикасында (ҚР) 2016 жылы 3 845,3 мың бірлік женіл көлік тіркелген. 2003-2016 жж аралығында ҚР 38 584,5 мың бірлік женіл көлік тіркелген. Женіл көліктердің көптігінен қала ішілік жол қозғалыстарын реттеу, заң бұзушылықтарды және бақылау қыын. Қосымша В – ҚР Ұлттық экономика министрлігі статистика комитетінен алынған мәліметтер көрсетілген.

2003 жылдан бастап 2016 жылдың аралығында ҚР 220817 автокөлік жолдарындағы жол-көлік оқиғалары тіркелді. Автокөлік жолдарындағы жол-көлік оқиғаларының тіркелгені бойынша ең көп оқиға 2013 жылы 23359 оқиға, 2007 жылы 4365 адам қайтыс болған және 2013 жылы 29872 адам жаралған.

2012-2016 жылдар арасында Қазақстан Республикасының ең көп тіркелген ЖКО Алматы қаласы 25682 оқиға және Оңтүстік Қазақстан облысы 13419 оқиғалар тіркелген.

ҚР 2013-2016 жж автокөлік жолдарындағы түрлері бойынша ЖКО жаяу жүргіншілерді соғып кету көрсеткіші жоғары. Атап айтқанда 2013ж 10 381 бірлік (44,4%), 2014ж 9 099 бірлік (44,7%), 2015ж 8 175 бірлік (43,3%) және 2016ж 7 801 бірлік (43,4%) оқиғалар тіркелген [9].

Төменде ҚР Ұлттық экономика министрлігі статистика комитетінен алынған 6 мен 7-суреттер мен 1-кесте көрсетілген.

**Қазақстан жолдарындағы 2015 жылғы апаттық оқиғалар**

- Қазақстанда әрбір 28 минут сайын жол-көлік оқиғалары тіркеледі
- Қазақстанда әрбір 30 минут сайын жол-көлік оқиғалары жүргізушілер кінәсінен тіркеледі
- Әрбір 14 сағат 12 минут сайын алкогольге немесе есірткіге мас күйде жүргізу салдарынан жол-көлік оқиғасы тіркеледі
- Әрбір 22 минут сайын бір адам жол-көлік оқиғалары салдарынан жарапанады
- Әрбір 2 сағат сайын 0-17 жас аралығындағы 1 адам жарапанады
- Әрбір сағат сайын 18-29 жас аралығындағы 1 адам жарапанады
- Әрбір 4 сағат сайын жол-көлік оқиғалары салдарынан 1 адам қайтыс болады
- Әрбір 38 сағат 10 минут сайын 0-17 жас аралығындағы бір адам қаза болған
- Әрбір 13 сағат 37 минут сайын 18-29 жас аралығындағы бір адам қайтыс болады

Сурет 6. Қазақстан жолдарындағы 2015 жылғы апаттық оқиғалар.

**Қазақстан жолдарындағы 2016 жылғы апаттық оқиғалар**


- Қазақстанда әрбір 29 минут сайын жол-көлік оқиғалары тіркеледі
- Қазақстанда әрбір 36 минут сайын жол-көлік оқиғалары жүргізушілер кінәсінен тіркеледі
- Әрбір 21 сағат 30 минут сайын алкогольге немесе есірткіге мас күйде жүргізу салдарынан жол-көлік оқиғасы тіркеледі
- Әрбір 22 минут сайын бір адам жол-көлік оқиғалары салдарынан жарапанады
- Әрбір 2 сағат сайын 0-17 жас аралығындағы 1 адам жарапанады
- Әрбір 1 сағат 13 минут сайын 18-29 жас аралығындағы 1 адам жарапанады
- Әрбір 3 сағат 30 минут сайын жол-көлік оқиғалары салдарынан 1 адам қайтыс болады
- Әрбір күн 13 сағат сайын 0-17 жас аралығындағы бір адам қаза болған
- Әрбір 14 сағат 30 минут сайын 18-29 жас аралығындағы бір адам қайтыс болады

Сурет 7. Қазақстан жолдарындағы 2016 жылғы апаттық оқиғалар.

Кесте 1 - Автомобиль жолдарындағы түрлөрі бойынша жол-көлік оқигаларының саны.

|  | 2013 жыл |                                    | 2014 жыл |                                    | 2015 жыл |                                    | 2016    |                                    |
|--|----------|------------------------------------|----------|------------------------------------|----------|------------------------------------|---------|------------------------------------|
|  | Барлығы  | ЖКО<br>жалпы<br>санынан<br>% - бен | Барлығы  | ЖКО<br>жалпы<br>санынан<br>% - бен | Барлығы  | ЖКО<br>жалпы<br>санынан<br>% - бен | Барлығы | ЖКО<br>жалпы<br>санынан<br>% - бен |
| Жол-көлік оқигаларының саны<br>– барлығы, бірлік | 23 359   | 100                                | 20 378   | 100,0                              | 18 890   | 100,0                              | 17 974  | 100,0                              |
| соның ішінде:                                    |          |                                    |          |                                    |          |                                    |         |                                    |
| жаяу жүргіншілерді соғып<br>кету                 | 10 381   | 44,4                               | 9 099    | 44,7                               | 8 175    | 43,3                               | 7 801   | 43,4                               |
| көлік қуралдарының<br>соқтығысусы                | 8 158    | 34,9                               | 6 718    | 33,0                               | 6 522    | 34,5                               | 5 636   | 31,4                               |
| кедергіге соқтығысусу                            | 1 057    | 4,5                                | 923      | 4,5                                | 916      | 4,8                                | 734     | 4,1                                |
| аударылу салдарынан                              | 1 965    | 8,4                                | 1 760    | 8,6                                | 1 673    | 8,9                                | 1 274   | 7,1                                |
| жолаушының қулауы                                | 654      | 2,8                                | 525      | 2,6                                | 589      | 3,1                                | 599     | 3,3                                |
| тоқтап тұрған көлік<br>қуралдарын соғып кету     | 310      | 1,3                                | 319      | 1,6                                | 291      | 1,5                                | 255     | 1,4                                |
| жануараларды соғып кету                          | 91       | 0,4                                | 71       | 0,3                                | 104      | 0,6                                | 115     | 0,6                                |
| велосипедшілерді басып кету                      | 485      | 2,1                                | 411      | 2,0                                | 396      | 2,1                                | 337     | 1,9                                |
| басқа да оқиға түрлері                           | 258      | 1,1                                | 552      | 2,7                                | 224      | 1,2                                | 1 223   | 6,8                                |

8 - суретте Интернет қолданушылардың әлем бойынша статистикасы берілген.



## INTERNET USAGE STATISTICS The Internet Big Picture World Internet Users and 2017 Population Stats

| WORLD INTERNET USAGE AND POPULATION STATISTICS<br>JUNE 30, 2017 - Update |                        |                       |                             |                           |                  |                  |
|--|------------------------|-----------------------|-----------------------------|---------------------------|------------------|------------------|
| World Regions  | Population (2017 Est.) | Population % of World | Internet Users 30 June 2017 | Penetration Rate (% Pop.) | Growth 2000-2017 | Internet Users % |
| <a href="#">Africa</a>   | 1,246,504,865          | 16.6 %                | 388,376,491                 | 31.2 %                    | 8,503.1%         | 10.0 %           |
| <a href="#">Asia</a>   | 4,148,177,672          | 55.2 %                | 1,938,075,631               | 46.7 %                    | 1,595.5%         | 49.7 %           |
| <a href="#">Europe</a>   | 822,710,362            | 10.9 %                | 659,634,487                 | 80.2 %                    | 527.6%           | 17.0 %           |
| <a href="#">Latin America / Caribbean</a>                                | 647,604,645            | 8.6 %                 | 404,269,163                 | 62.4 %                    | 2,137.4%         | 10.4 %           |
| <a href="#">Middle East</a>  | 250,327,574            | 3.3 %                 | 146,972,123                 | 58.7 %                    | 4,374.3%         | 3.8 %            |
| <a href="#">North America</a>  | 363,224,006            | 4.8 %                 | 320,059,368                 | 88.1 %                    | 196.1%           | 8.2 %            |
| <a href="#">Oceania / Australia</a>                                      | 40,479,846             | 0.5 %                 | 28,180,356                  | 69.6 %                    | 269.8%           | 0.7 %            |
| <b>WORLD TOTAL</b>   | <b>7,519,028,970</b>   | <b>100.0 %</b>        | <b>3,885,567,619</b>        | <b>51.7 %</b>             | <b>976.4%</b>    | <b>100.0 %</b>   |

Сурет 8. 2017 жылғы Интернет қолданушылар [10].

Қазіргі кезде жол жүріс қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ақпараттық технологияларды пайдалану міндетті. Әлемдік көшбасшы мемлекеттер әкімдіктерін пайдалануды мақсат еткен мемлекеттер IoT қолдануға көшті. IoT пилоттық режимде пайдалануда, атап айтатын болсақ: Пусан, Сеул, Дубай, Ницца, Сантандер, Амстердам, Гамбург, Стокгольм, Рио-де-Жанейро, Сан-Антонио, Уэйко және Юто қалаларында [11].

IoE негізінде Стокгольм қаласының қозғалыс кептелістерден және CO<sub>2</sub> азайтуға мүмкіндік беретін ақпараттық жүйені (АЖ) жасақтау, ол үшін қаладағы барлық камераларды біріктіру арқылы нақты уақыт режимінде трафиктерді басқарудың алгоритмін құрасту негізінде пилоттық режимінде сынақтан өткізілуде [12]. Рио-де-Жанейро қаласында қауіпсіздік орталығы бар, ол орталықтың аты «Rio Operations Center». Бұл орталықтың мақсаты төтенше жағдайларды алдын алу мен қозғалысты басқару жүйелері көлік ағындарын оңтайландыруға және оны оңтыйлы түрде реттеуге мүмкіндік береді. Көлік жүйесінің үйлесімді жұмысы жаңбырдың салдарынан жолдарда

туындастын қауіптерден алдын алу. Өзгерістерді тіркеп, датчиктер су өткізбейтін ерітінділерді шашратып жолды тайғақ етуді алдын алады. Сонымен қатар, жарықтандыру жүйесі жаңа жағдайларға бейімделіп, жақсы көрінуді қамтамасыз етеді. Нақты уақыт режимінде IoT негізінде қала аумағында орналасқан жаңбыр датчиктерінен келетін мәліметтер жинақтайды, GPS арқылы көліктердің трафиктерін есептейді. Қауіпті аймақтарды халыққа әлеуметтік желі немесе хабарламалар арқылы таратады. Сол арқылы саяхаттап жүрген адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді [13]. Ницца және Сантаандер қалаларында датчиктер орналасқан, ол датчектер арқылы келіп жатқан деректерді жасыл экономика тұрғыда пайдаланудың жолдарын жасақтау үшін қажет. Яғни деректер жаңбырдың, ауа районың өзгеруі, CO<sub>2</sub> мөлшерін анықтайды [14, 15]. 2004 жылы Сеул қаласында автобустарды басқару жүйесі құрылды. Бұл жүйе арқылы автобустарға кететін шығындарды, келетін кірістерді есептелінеді. Сонында TOPIS орталығы құрылды. Бұл орталықтың мақсаты Интернет және өзге техникалық құрылғылар арқылы мәліметтерді алу арқылы автобустардың трификтерін есептеу. МобиЛЬДІ қосымшалар мен ақпаратты табло арқылы Сеул қаласының тұрғындарына нақты уақыт режимінде автобустардың маршруттын анықтап беру көзделінді. Нақты уақыт режимінде деректерді жинақтап арнайы немесе халыққа ақпарат беру үшін жол датчиктер, Wi-Fi, GPS, видео құрылғылары мен автобус жүргізушилердің есебі арқылы жасалынады. Бірнеше алгоритмдер мен үздіксіз жұмыс істейтін серверлер арқылы нақты уақыт режимінде деректер сұрыптаі алады. CCTV құрылғылары арқылы заң бұзушылықтарды анықтайды. TOPIS орталығы автобустың маршруттарын анықтап қоймай, қала қауіпсіздігіне қомақты үлес қосуда. Қазіргі таңда TOPIS орталығы әлемдік орында этalon болып табылады, оның бірнеше баламасы өзге қалаларда пайдалануда [16].

Бағдаршамды басқару жүйесін IoT негізінде келесі авторлар зерттеу жұмыстарын жүргізген. Володимир Миз бен Владимир Хаханов және т.б. Жүйенің негізгі бөлігі Smart traffic light - қолданыстағы физикалық жарық шамының виртуалды аналогы. Жүйе автомобилдер мен жол сенсорларынан алынған деректерді талдау кезінде алынатын ақпаратқа негізделген басқару сигналдарын, сондай-ақ әлеуметтік желілер, қоғамдық пікірді сұрау нәтижелері және басқа пайдаланушылардың деректерінің баламалы көздері. Ақылды жарықтандыру шамының логикасы мезгіл-мезгілімен өзгеріп отырады, ол нақты уақыт режимінде алынған ақпараттарды талдау арқылы бақылау жүйесін тиімділігін арттырады. CTMS - электрондық үкімет үлгісінің бөлігі, ол адами фактордан туындаған қателерді болдырмайды. CTMS іске асыру трафикті басқару жүйесін автоматтандыру арқылы бюджет қарожатын тиімді болуге мүмкіндік береді және жаһандық электрондық үкімет тұжырымдамасының дамуына бағытталған қадам болып табылады [17].

### 1.3 Ақылды қалалардың жұмыс істеу принциптері

БҮҮ-ның 2014 жылғы деректері бойынша әлемде 54% адамдар қалаларда өмір сүруде. 1950 жылдары 30% ғана өмір сүрсе, болжам бойынша 2050 жылы 66%-ға жуық әлемдегі халықтар қалада өмір сүруі мүмкін [18].

Ақылды қала дегеніміз халық үшін жайлы жағдай жасау үшін ресурстарды және қызметтерді қалалық басқаруды жетілдіру стратегиясы [2]. Ақылды қала тұжырымдамасы орталықтандырылған басқару бойынша түбекейлі жаңа ерекшеліктерімен қала инфрақұрылымын жаңғырту, жаңа ұсынылатын қызметтердің деңгейі мен қауіпсіздігін қамтиды. Бұл стратегиялық даму бірыңғай жүйесіне қала құрылышы әр түрлі факторларды біріктіреді. Ақылды қала үшін АТ құралдарын, сондай-ақ арнайы технологиялар, әдістер, есептерді пайдалану қажет қалалық даму аймақтарын біріктіру сипатталады. Бұл тұжырымдама қала сандық экономикалық дамуы мен бәсекеге қабілеттілігін айқындайды ресурс ретінде жасанды интеллект, ақпараттық және коммуникациялық технологияларды, әлеуметтік және экологиялық әлеуетін рөлін таниды [19, 20, 21].

Ақылды қала тұжырымдамасын әзірлеген қалалар: Торонто қаласы (Канада) 2012 жылы, Барселона қаласы (Испания) 2014 жылы, Нью-Йорк қаласы (АҚШ) 2015 жылы, Париж қаласы (Франция) 2016 жылы және Астана (Қазақстан) 2017 жылы [2].

MachinaResearch зерттеу орталығы ақылды қаланың стандарттын жасау мақсатында екі негізгі тәсілді айқыннады [22]. Бірінші тәсіл ол «жоғарыдан төмен», яғни жаһандық стандарттау институттары, олар жалпы сәулелеттің моделін мен эталонның құрастырады. Бұл тәсіл бойынша төмендегі ұйымдарды айтуға болады.


1. Халықаралық электро байланыс одағы (ITU) мен оның тобы «ITU-T Study Group 20: IoT and its applications, including smart cities and communities» [23];
2. International Standards Organisation (ISO) мен International Electrotechnical Commission (IEC) [24];
3. NIST пен ANSI [25];
4. ENEA – the National Agency for New Technologies, Energy [26];
5. ETSI [27];
6. NIST (Корея Республикасы) [28];
7. FIWARE [29].

Екінші тәсіл «төменнен жоғары» дегеніміз ашық платформа мен бағдарламалық интерфейстер құрастыру (API, SDK) [30]. Бұл тәсілде IoT пайдалану көзделінеді, яғни M2M. Бұл тәсілмен ARIB (Жапония), ATIS (АҚШ), CCSA (Кытай), ETSI (Европа), TIA (АҚШ), TSDSI (Индия), TTA (Корея Республикасы), TTC (Жапония), Broadband Forum, Continua Alliance, GlobalPlatform, HGI, Next Generation M2M consortium, OMA [30, 31]. CitySDK – европалық жоба, қалалық қосыншаларды құру мақсатында SDK пайдалану, ең бірінші ұтқырлық пен туризм салалары бойынша [32]. Haystack жобасы ол ақылды құрылғыларға (IoT) веб қызметтерін ұсыну, HyperCat IoT

құрылғыларының көрінісін сипаттайтыны [33, 34]. Ал стандарт ISO 37120 қалалық деректердің өнімділігін сипаттайтыны [35].

2016 жылдың май айында Қазақстанда қазақ-британ конференциясы өтілді, Ньютон фонды 20 млн. фунт ақылды қала стандарттын дамытуға қаражат бөлінді. Қазақстанда ақылды қала тұжырымдамасы орыс тілінде болғандықтан Ресей мен ТМД мемлекеттері өз еліндегі ақылды қала тұжырымдамасын жасауда.

Әлемдегі ақылды қалалар мен олардың бағыты: Торонто (Канада) – қауіпсіздік, Мәскеу (Ресей) – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, Барселона (Испания) – транспорт, Нью-Йорк (АҚШ) – қайта өңдеу, Сингапур - әлеуметтік қызметтер көрсету, Стэнфорд (АҚШ) – қашықтықтан оқыту, Лидс (Британия) – медициналық көмек көрсету. Төменде 9 - суретте ақылды қаланың бағыттары бейнеленген [2].




Сурет 9. Ақылды қаладағы бейбіт өмір.

Ақылды қала тұжырымдамасы бойынша 11 бағыт қарастырылған.

- Медициналық көмек көрсету:* медициналық ақпараттық жүйе, жедел жәрдемді басқару жүйесі, телемедицина, денсаулық паспорты, ақылды рецепт, мұрагаттау және бейне беру жүйесі, қадағалау қызметі, зертханалық ақпараттық жүйелер, ақылды бағыт көрсету жүйесі,


виртуальді көмекші, диагностика мен емдеу алгоритмдеуі, телетравма, интеллектуальді диагностика, навигация, денсаулық мониторингісінің жүйесі, ақылды операциялық бөлме, ақылды киім және т.с.с.

2. *Білім беру:* білім беру ұйымдарының басқару жүйесі, оқыту басқару және дербестендірілген ұсыныстар, қашықтықтан оқыту, компьютерлік тренажерлар, сандық білім алмасу платформасы және авторлық құқықты басқару, краудфандинг ұйымдар мен т.б.
3. *Инклюзивті қоғамдағы өмір.*
4. *Коммуналды қызметтер:* есептеуішті автоматты түрде беру, метеорологиялық сенсорлық жүйе, климаттық бақылау, ақылды көшелерді жарықтандыру, контейнерлер сенсорын толтыру, ақылды су желісі, процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйесі, ақылды лифт, ақылды тоңазытқыш, ортақ басқару платформасы, өрттен қорғау жүйесі, ақылды күзет жүйесі және т.с.с.
5. *Қала ішлік қозғалыс:* ақылды бағдаршам, фото және бейнежазба жүйесі және бейне сараптау жүйесі, жаяу жүргіншілер өткелінің жарықтандыруы, ақылды тұрақ, диспетчерлік жүйе, электрондық тарифтік жүйе, айнымалы ақпарат дисплейі, көлік қосымшасы, ақпарат тақтасы, жолаушылар ағынын есепке алу жүйесі, жол сапасын бақылау жүйесі, school bus, жылы аялдама, қауіпсіз жолақ, ақылды бөгет, жол тазалығының мониторингісі.
6. *Төтенише жағдайлар:* жасанды интеллекті көшелер, бейнебақылау камералары қызмет сұрау жазбалар, қауіпсіздік бөлімінде байланыс орталығының құрамдас бөлігінің АЖ, аналитикалық орталық жүйесі, бейнебақылау платформасы, құқық бұзушылық үшін хабарландыру жүйесі мен т.с.с. 10 – суретте бейнеленген.



Сурет 10. Ақылды қаладағы төтенише жағдайлар қызметінің түрі

7. *Іскерлік сапарлар*: ақылды контракт, туристік менеджмент және электрондық маркетинг жүйесі, электрондық виза, ақылды билет, электрондық чек, ақылды қонақ үй және т.б.
  8. *Гимарат құрылышы*: құрылыштың мониторингі және бірлескен инвесторлардың көлісімшарттарын басқару мен бірыңғай электрондық сауда алаңы.
  9. *Экожүйесі*: ауа райыны, радиацияны, судың деңгейін, сейсмикалық белсенділікті есептейтін датчиктер, орман өрттерін бақылау жүйесі мен төтенше жағдайлар кезінде инфрақұрылымның мінез-құлқын модельдеу жүйесі.
- 10. Ауыл шаруашылығы.*
11. *Қалалық басқару жүйесі* 11 - суретте КР цифрлық деңгейде басқарудың модель көрсетілген [2].




Сурет 11. Цифрлық Қазақстан деңгейінде қаланы басқару.

КР қала ішілік қозғалысты цифрлыққа айналдыру мақсатында төмендегі нәтижелерді күтеді. Олар: жол желісінің өткізу қабілетін арттыру, ЖКО санын азайы, жол және жол қозғалысы жағдайлары туралы жаңартылған ақпаратпен қамтамасыз ету, кептелісті азайту, жүру уақытын қысқарту, отын

тұтынуды төмендету, орташа трафик жылдамдығын арттыруы мен көлік ағындарын тиімді басқару. 12 – суретте ақылды қаланың қала ішлік жолдарындағы қауіпсіздіктің бейнесі бейнеленген.


Қала ішлік қозғалысты цифрлық деңгейінде басқару арқасында Сидней қаласында кептеліс 40% азайды, көлік жүрісінің уақыты 20% қысқартылынды, отын көлемін 12% азайтылынды, ал Торонто қаласында 8% саяхат уақытын қысқартады, көлік аялдамаларын 22% азайтылынды, көлік құралдарының кешігүін 17% азайды, отын шығыны 5.7% төмен деді [2].



Сурет 12. Қала ішлік қозғалыс қызметі.

#### 1.4 Бағдаршамды интеллектуалды түрде басқару жүйелері

Бағдаршам деп жарықпен белгі беру арқылы көшедегі, автокөлік жолы мен темір жолдағы қозғалысты реттеуге арналған құрылғыны айтамыз. Ол белгі беру тәсілдеріне қарай әртүрлі реңді болады. Бағдаршамның позициялық пен құрама түрі бар [36]. Қосымша Г – бағдаршамның сигналдары қарастырылған. 1868 жылы ағылшын инженері Найт мырза алғашқы көше бағдаршамын Лондан қаласында ойлап тапқан болатын. Түп нұсқа ретінде темір жол қатынасындағы бағдаршамды пайдаланған. 1914 жылы автоматты реттеуіш орнатылған бағдаршам Кливленде штатында пайдалануға берілді. Цифрлық кезеңде бағдаршамның жасанды интеллектуалды түрлері пайда болуда. Көбіне ақылды бағдаршамдар деп аталанады. Автор бұл магистрлік диссертация барысында бағдаршамнан алынған деректерді бұлтты технологияда сақтауды, өндөудің алгоритімін таныстырады.



Сурет 13. Дәстүрлі бағдаршамдардың түрлері, Қосымша Г.

Жоғарыда КР мен әлемдегі жол-көлік оқиғаларының статистикалық мәліметтері берілген, ал қосымша Д КР жол жүрісінің қағидалары қарастырылған, ЖКО көбіне жаяу жүргіншілердің қатысуымен болғандықтан дәстүрлі бағдаршамдар тиімсіз болып табылады. ЖКО санын азайту мақсатында әлемнің ғалымдары ақылды бағдаршамдарды ойлап табуда. Ақылды бағдаршамның басты ерекшеліктері нақты уақыт режимінде жұмыс істей алуында. Жасыл толқындарды пайдалану арқылы ЖКО санын азаюда. Жасыл толқындар автоматты бағдаршамдарды бақылау арқылы қалалық автокөліктер жолдары бойынша автокөлік құралдары мен жаяу жүргіншілер қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз етеді. «Нақты уақыт режимінде ақылды бағдаршамды компьютер көруге арналған бағдарлама» мақаласында айтылған [37]. Екі бейне бақылау камерасын бір бағдаршаммен байланыстырып, бейнені анықтау режиммен жаяу жүргіншілердің жолақты өту үшін қанша уақыты кететінін анықтап, нақты уақытта бағдаршамның автокөліктеге арналған түсін өзгертуге болатындығы айтылған. Жасыл толқын орналасқан диапозонныңдағы автокөліктің жүру жылдамдығын

есептеу арқылы бағдаршамның түсінің уақытысын нақты уақыт режимінде өзгертуді айтамыз.

Тұманды есептеулерді тиімді пайдаланудың үлгісі ретінде интеллектуалды бағдаршам басқару жүйесін қарастыруға болады. Ақылды бағдаршамды басқару жүйесі нақты уақыт режимінде өзара іс-қимылды жүргізеді. Жүйе бірнеше датчиктермен өзара әрекеттеседі. Датчиктер жаяу жүргіншілер мен вилосипедшілерді анықтап, жақындаған келік құралдарының қашықтығын, жылдамдығын өлшейді. Бұл жүйе түсті сигналдарды үйлестіру үшін көрші бағдаршамдармен өзара әрекеттеседі. Осы ақпаратқа негізделген ақылды бағдаршам көлік жақындаған кезде ескерту сигналдарын жібереді, әрі апартардың алдын алу үшін өзінің жұмыс циклын өзгерtedі. Тұманды көрші ақылды бағдаршамдарды басқару жүйелерімен сигналдарды үйлестіру циклде кез-келген өзгерістер жасауға мүмкіндік береді. Ақылды бағдаршамдарды бақылау жүйесі жинаған деректер нақты уақыт режимінде талдау үшін жергілікті турде өндөледі. Мысалы, жол жағдайлары туралы ақпарат операция кезінде цикл өзертеге мүмкіндік береді. Ақылды бағдаршамның деректерін ұзақ мерзімді қозғалыстың үлгілерін талдау үшін бұлтқа жібереді [4].


Бұлтты технологиялар үлкен көлемдегі деректерді өңдеудің жаңа мүмкіндіктерін ашады нақты уақыт режимінде жүйені трансформациялау және ағымдағы ортага бейімдеуге мүмкіндік бере алады, сондықтан бағдаршамды ақпараттық жүйелер деңгейде басқару үшін өте тиімді [17].


Түркістан қаласы, Б.Саттарханов көшесі мен Жібек Жолы көшелерінің қылышындағы бағдаршамның зерттеу нысаны ретінде алушының себебі:

1. Түркістан түркі тілдес елдердің астанасы;
2. Түркістан қаласында 202000 аса халық тұрады;
3. Түркістан қаласы «Smart City» стандартына сай келеді.
4. Ең басты себеп, бұл көшелер қылышында халықаралық қазақ-түрік университеті, Майша Әбенова атындағы жалпы орта мектебі, үш орта деңгейлі сауда орталығы, мейрамхана мен дәмханалар орналасқан, әрі халық көп шүғырланған аймақ болып табылады.

Түркістан қаласының Б.Саттарханов пен Жібек Жолы көшелерінің қылышындағы бағдаршамды бақылау арқылы келесі 14, 15, 16, 17, 18 мен 19-суреттерде ақылды бағдаршамға арналған алгоритмі мен прототипі ұсынады.


1. Бағдаршамның қуат көзі – күн батареялары.
2. Бағдаршамның түстері ауа райына байланысты өзгеруі қажет.
3. Б.Саттарханов атындағы көше автомагистральге тұра шығатын жол болғандықтан автокөліктің жылдамдығын нақты уақыт режимінде анықтау қажет.
4. Қ.А.Ясауи атындағы универсitetінің қалашығының жанында орналасқандықтан жаяу жүргіншілердің жүру жылдамдығын есептелеуі қажет.





Сурет 15. Алгоритм - 2


Ендігі кезекте ақылды бағдаршамды сипаттау. Ақылды бағдаршам сыртқы бейнесі, дәстүрлі бағдаршамның кейпінде болуы шарт. Сол арқылы, жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерді жол қағидаларын сақтап жүруіне себепкер бола аламыз. 16-суретте Б.Саттарханов көшесінде орналасқан бағдаршамдардың қазіргі уақыттағы жасыл түс жанып тұрғаны көрсетілген болса, 17-суретте қазіргі уақытта бар ақылды бағдаршамдар бейнеленген.



Сурет 16. Яндекс карта арқылы түсірілген Түркестан қаласының картасы.



Сурет 17. Ақылды бағдаршамдар



## 2 Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында радикалдық инновациялық технологияны пайдалану

### 2.1 Бұлтты технологияны қолдану тиімділігіне талдау


Бұлтты есептеуіш әлемде кез-келген жерде физикалық байланыс орналасуы мүмкін көптеген компьютерлердің желі арқылы қатысуын қамтиды. Провайдерлері белсенді бұлтты қызметтерді жеткізуге виртуалдандыру қызметіне жүгінеді. Бұлтты есептеулер ресурстарды барынша тиімді пайдалану арқылы операциялық шығындарды азайтады [38]. Бұлтты есептеу қамтамасыз ету арқылы деректерді басқарудың әртүрлі шешемдер алады:

- ұйымның деректеріне кез-келген уақытта қол жеткізу;
- ұйымда АТ-инфрақұрылымын тек қажетті қызметтерге жазылу арқылы оңтайландыру;
- обьектілерде жабдықтарды орналастыру мен қолдау қажеттілігін азайтуды қамтамасыз етеді;
- жабдықтар мен энергия шығынын төмендету, материалдық қажеттіліктер азайту;
- деректер көлемі сұраныстың артуына жедел әрекет жүргізеді.

Бұлтты есептеуіштер деректерді сақтауды, өндөуді, басқарудың әмбебап түрі болып табылады [4].

Клиенттердің әртүрлі талаптарын орындау барысында бұлтты қызметтердің көптеген түрі бар. Ұлттық стандарттар мен технологиялар институты (NIST) 800-145 арнайы басылымда келесі үш негізгі бұлтты қызметтерді атап берді. 20 – суретте бейнеленген


- A. Бағдарламалық қамтамасыз ету ретінде қызмет (SaaS) – тұтынуышыға мәлімет сұранысы бойынша мәтінді жазудың моделі болып табылады [39].
- B. Қызмет ретінде платформа (PaaS) – интегралданған платформаның веб мәтіндерін белуге, тестілеуге, өндөуге арналған. Виртуализациялау, қауіпсіздік, масштабталуы, кері қайта білу қабілеттілікті көрсетуге болады.
- C. Қызмет ретінде инфрақұрылым (IaaS) – бұл компьютер қызметтерді инфрақұрылымның бұлтты есептеулер тұжырымдамасының негізінде береді. Үш негізгі компоненттерден тұрады: серверлер, мәліметті сақтау жүйесі, клиент жүйелері, желілік жабдықтар; басқару жүйелері және жүйелік деректер қорына байланысты [40].



Сурет 20. Бұлтты қызметтің 3 түрі

Бұлтты қызметтерді жеткізушілер бұл үлгіні қеңейтті, АТ қолдану арналған бұлтты қызмет ITaaS. Компаниялар үшін ITaaS ақпараттық технологиялар бөлімінің мүмкіндіктерін ашады, жаңа инфрақұрылымды құруға үлкен инвестицияларды талап етпей, жаңа қызметкерді оқытуға немесе бағдарламалық қамтамасыз етуге лицензиясы бар бағдарламаларды пайдалануға. Бұл қызмет функционалды, әрі қауіпсіз кез келген аймақта. Ең бастысы ақылды бағдаршамға пайдалануға өте тиімді қызмет түрі болып саналады [41].

Бұлтты модельдің негізгі төрт типа бар. 21 – суретте көрсетілінген.



Сурет 21. Бұлтты модель.

| Атырау                        | 3              | 0        | 2         | 2         | 16        | 18        | 8         | 9         | 12                 | 13      | 41       | 23        | 29        | 123              | 75        | 55        | 43        | 24                 |  |      |
| Батыс Қазақстан               | 3              | 5        | 2         | 2         | 20        | 19        | 12        | 21        | 8                  | 17      | 32       | 19        | 18        | 108              | 119       | 71        | 85        | 77                 |  |      |
| Жамбыл                        | 10             | 6        | 6         | 12        | 35        | 48        | 36        | 36        | 21                 | 162     | 215      | 119       | 147       | 618              | 391       | 252       | 203       | 146                |  |      |
| Қараганды                     | 2              | 5        | 5         | 6         | 34        | 36        | 22        | 23        | 12                 | 41      | 49       | 52        | 69        | 237              | 156       | 141       | 104       | 96                 |  |      |
| Қостанай                      | 2              | 2        | 1         | 4         | 12        | 12        | 11        | 10        | 10                 | 30      | 28       | 26        | 46        | 133              | 107       | 107       | 72        | 63                 |  |      |
| Қызылорда                     | 1              | 3        | 2         | 4         | 25        | 18        | 13        | 14        | 12                 | 22      | 43       | 24        | 43        | 105              | 84        | 50        | 37        | 37                 |  |      |
| Маңғыстау                     | 4              | 7        | 4         | 4         | 25        | 19        | 13        | 13        | 10                 | 33      | 33       | 21        | 32        | 103              | 92        | 47        | 42        | 20                 |  |      |
| Оңтүстік Қазақстан            | 28             | 20       | 25        | 22        | 87        | 80        | 67        | 64        | 38                 | 220     | 266      | 144       | 200       | 730              | 507       | 351       | 254       | 164                |  |      |
| Павлодар                      | 3              | 1        | 4         | 2         | 17        | 16        | 10        | 7         | 16                 | 37      | 89       | 55        | 89        | 324              | 220       | 149       | 165       | 89                 |  |      |
| Солтүстік Қазақстан           | 0              | 0        | 0         | 1         | 9         | 10        | 7         | 9         | 8                  | 6       | 21       | 14        | 16        | 58               | 67        | 37        | 34        | 31                 |  |      |
| Шығыс Қазақстан               | 3              | 2        | 6         | 2         | 28        | 41        | 38        | 30        | 29                 | 87      | 142      | 89        | 131       | 473              | 341       | 278       | 245       | 169                |  |      |
| Астана қаласы                 | 0              | 0        | 0         | 2         | 16        | 8         | 5         | 8         | 3                  | 18      | 48       | 28        | 37        | 225              | 168       | 95        | 89        | 69                 |  |      |
| Алматы қаласы                 | 6              | 2        | 2         | 10        | 27        | 36        | 28        | 20        | 25                 | 352     | 490      | 320       | 544       | 1 778            | 050       | 683       | 533       | 481                |  |      |

Ф-ОБ-003/018

**2014-2016 жылғы жол-көлік оқиғаларының зардаш шеккендер жыныстық қатынасы бойынша**

адам

|                               | Барлығы |        |        | қаза болғандар |       |       |           |      |      | жарақат алғандар |        |        |           |        |        |
|-------------------------------|---------|--------|--------|----------------|-------|-------|-----------|------|------|------------------|--------|--------|-----------|--------|--------|
|                               |         |        |        | ер адам        |       |       | әйел адам |      |      | ер адам          |        |        | әйел адам |        |        |
|                               | 2014    | 2015   | 2016   | 2014           | 2015  | 2016  | 2014      | 2015 | 2016 | 2014             | 2015   | 2016   | 2014      | 2015   | 2016   |
| <b>Қазақстан Республикасы</b> | 28 527  | 26 508 | 25 779 | 1 906          | 1 816 | 1 729 | 679       | 637  | 661  | 14 011           | 13 010 | 12 295 | 11 931    | 11 045 | 11 094 |
| Ақмола                        | 1 033   | 863    | 910    | 99             | 71    | 77    | 35        | 28   | 37   | 504              | 430    | 462    | 395       | 334    | 334    |
| Ақтөбе                        | 1 185   | 1 149  | 894    | 68             | 77    | 50    | 35        | 26   | 21   | 580              | 572    | 419    | 502       | 474    | 404    |
| Алматы                        | 2 768   | 2 621  | 3 316  | 330            | 337   | 375   | 138       | 126  | 131  | 1 426            | 1 331  | 1 596  | 874       | 827    | 1 214  |
| Атырау                        | 621     | 566    | 496    | 66             | 56    | 51    | 25        | 23   | 19   | 307              | 260    | 242    | 223       | 227    | 184    |
| Батыс Қазақстан               | 657     | 741    | 638    | 64             | 68    | 74    | 20        | 31   | 18   | 320              | 367    | 277    | 253       | 275    | 269    |
| Жамбыл                        | 2 208   | 2 245  | 2 453  | 155            | 186   | 148   | 48        | 57   | 62   | 1 171            | 1 198  | 1 263  | 834       | 804    | 980    |
| Қарағанды                     | 1 343   | 1 285  | 1 122  | 160            | 139   | 108   | 50        | 34   | 41   | 657              | 656    | 522    | 476       | 456    | 451    |
| Қостанай                      | 1 062   | 877    | 676    | 98             | 76    | 42    | 30        | 29   | 22   | 544              | 452    | 331    | 390       | 320    | 281    |
| Қызылорда                     | 546     | 555    | 548    | 56             | 65    | 64    | 27        | 24   | 26   | 260              | 283    | 228    | 203       | 183    | 230    |
| Маңғыстау                     | 554     | 597    | 520    | 79             | 64    | 68    | 24        | 15   | 29   | 263              | 294    | 238    | 188       | 224    | 185    |
| Оңтүстік Қазақстан            | 4 997   | 3 443  | 3 253  | 332            | 293   | 307   | 100       | 97   | 121  | 2 460            | 1 724  | 1 661  | 2 105     | 1 329  | 1 164  |
| Павлодар                      | 1 484   | 1 451  | 1 293  | 64             | 62    | 58    | 22        | 30   | 18   | 769              | 683    | 650    | 629       | 676    | 567    |
| Солтүстік Қазақстан           | 482     | 359    | 329    | 44             | 35    | 34    | 12        | 10   | 12   | 248              | 161    | 148    | 178       | 153    | 135    |
| Шығыс Қазақстан               | 1 945   | 2 220  | 2 134  | 112            | 129   | 132   | 42        | 49   | 47   | 987              | 1 028  | 1 010  | 804       | 1 014  | 945    |
| Астана қаласы                 | 886     | 818    | 819    | 39             | 40    | 28    | 13        | 17   | 14   | 454              | 427    | 420    | 380       | 334    | 357    |
| Алматы қаласы                 | 6 756   | 6 718  | 6 378  | 140            | 118   | 113   | 58        | 41   | 43   | 3 061            | 3 144  | 2 828  | 3 497     | 3 415  | 3 394  |

**Автомобиль жолдарындағы 2014-2016 жылдарға қайтыс болғандар мен жол-көлік оқиғаларынан жараланғандар саны**

бірлік

|                               | ЖКО саны                 |       |       |                 |        |        | жүргізушілердің кінәсінен болған ЖКО |        |        |
|-------------------------------|--------------------------|-------|-------|-----------------|--------|--------|--------------------------------------|--------|--------|
|                               | қайтыс болғандармен саны |       |       | жаралағандармен |        |        |                                      |        |        |
|                               | 2014                     | 2015  | 2016  | 2014            | 2015   | 2016   | 2014                                 | 2015   | 2016   |
| <b>Қазақстан Республикасы</b> | 2 090                    | 2 103 | 2 390 | 18 996          | 16 752 | 23 389 | 18 454                               | 17 982 | 14 784 |
| Ақмола                        | 112                      | 86    | 114   | 575             | 661    | 796    | 329                                  | 618    | 433    |
| Ақтөбе                        | 82                       | 106   | 71    | 796             | 1 052  | 823    | 737                                  | 823    | 695    |
| Алматы                        | 391                      | 392   | 505   | 1 549           | 2 120  | 2 820  | 1 596                                | 1 549  | 1 788  |
| Атырау                        | 65                       | 76    | 70    | 402             | 482    | 426    | 413                                  | 408    | 332    |
| Батыс Қазақстан               | 66                       | 89    | 92    | 360             | 590    | 546    | 353                                  | 442    | 421    |
| Жамбыл                        | 153                      | 224   | 210   | 1 189           | 1 978  | 2 253  | 1 238                                | 1 245  | 1 342  |
| Қарағанды                     | 159                      | 154   | 145   | 832             | 1 050  | 945    | 859                                  | 769    | 676    |
| Қостанай                      | 97                       | 90    | 64    | 673             | 700    | 612    | 589                                  | 549    | 361    |
| Қызылорда                     | 52                       | 87    | 92    | 326             | 426    | 445    | 361                                  | 346    | 357    |
| Маңыстау                      | 67                       | 78    | 99    | 317             | 513    | 423    | 352                                  | 405    | 335    |
| Оңтүстік Қазақстан            | 360                      | 377   | 431   | 3 141           | 3 046  | 2 836  | 3 366                                | 2 243  | 1 682  |
| Павлодар                      | 86                       | 80    | 76    | 1 002           | 1 297  | 1 217  | 942                                  | 955    | 814    |
| Солтүстік Қазақстан           | 43                       | 41    | 44    | 282             | 170    | 284    | 268                                  | 213    | 184    |
| Шығыс Қазақстан               | 129                      | 158   | 179   | 1 384           | 1 903  | 1 955  | 1 317                                | 1 448  | 1 192  |
| Астана қаласы                 | 51                       | 43    | 42    | 708             | 617    | 777    | 594                                  | 542    | 544    |
| Алматы қаласы                 | 177                      | 22    | 156   | 5 460           | 147    | 6 231  | 5 140                                | 5 427  | 3 628  |

## Қазақстан жолдарындағы 2014 жылғы апаттық оқиғалар

Қазақстанда әрбір 26 минут сайын жол-көлік оқиғалары тіркеледі

Қазақстанда әрбір 28 минут сайын жол-көлік оқиғалары жүргізушілер кінесінен тіркеледі

Әрбір 12 сағат 30 минут сайын алкогольге немесе есірткіге мас күйде жүргізу салдарынан жол-көлік оқиғасы тіркеледі

Әрбір 28 минут сайын бір адам жол-көлік оқиғалары салдарынан жараланады

Әрбір 12 сағат сайын 0-17 жас аралығындағы 1 адам жараланады

Әрбір сағат сайын 18-29 жас аралығындағы 1 адам жараланады

Әрбір 4 сағат 12 минут сайын жол-көлік оқиғалары салдарынан 1 адам қайтыс болады

Әрбір 14 сағат 16 минут сайын 0-17 жас аралығындағы бір адам қаза болған

Әрбір 6 сағат 12 минут сайын 18-29 жас аралығындағы бір адам қайтыс болады

Қазақстан жолдарындағы 2014 жылғы апаттық оқиғалар.

## ҚОСЫМША Г

### Бағдаршамның сигналдары

1. Жол жүрісін реттеу үшін көлденең және тігінен орналасқан бағдаршамдар қолданылады.

Бағдаршамдарда жасыл, сары, қызыл және ай түстес ақшыл жарық сигналдары қолданылады.

Сигналдары тігінен орналасқан бағдаршамдарда қызыл түс жоғарыда орналасады, ал жасыл – төменде; сигналдар көлденеңінен орналасқанда қызыл – сол жақта, жасыл – оң жақта орналасады.

Бағдаршам сигналдары мақсатына байланысты дөңгелек, бағыттаушы түрінде, жаяу жүргінші немесе велосипед кескінінде және Х-ұлгісінде болуы мүмкін.

Дөңгелек сигналды бағдаршамдардың бір немесе екі, дөңгелек жасыл сигналдың деңгейінде орналасқан жасыл бағыттаушы түріндегі сигналдары бар қосымша секциялары болуы мүмкін.

2. Бағдаршамның дөңгелек сигналдарының мынадай мәні бар:

- 1) жасыл сигнал жүргүре рұқсат етеді;
- 2) жасыл жыптылықтаған сигнал жүргүре рұқсат етеді және оның қолданылу уақыты өтіп барады және тыйым салатын сигнал іске қосылатындығын хабарлайды (жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерді жасыл сигналдың жануына дейін уақыт туралы секундпен хабар беретін сандық табло қолданылады);
- 3) сары сигнал көзделгеннен басқа жағдайларда жүргүре тыйым салады және сигналдардың аудиосалы тұрғанын ескерtedі;
- 4) сары жыптылықтаған сигнал бағдаршаммен реттелмейтін көше қызылысының немесе жаяу жүргінші өтпесінің бар екенін хабарлайды, қауіптен сақтандырады;
- 5) қызыл, оның ішінде жыптылықтайтын сигнал, жүргүре тыйым салады. Қызыл және сары сигналдардың қосыла жануы жүргүре тыйым салады және жасыл сигнал жанғалы тұрғаны хабар береді.

3. Қызыл, сары және жасыл түсті бағыттаушы түрінде орындалған бағдаршам сигналы тиісті түстердегі дөңгелек сигналмен бірдей мағыналас, бірақ олардың күші бағыттаушы көрсеткен бағытқа (бағыттарға) ғана қолданылады. Бұл ретте солға бұрылуға рұқсат беретін бағыттаушы, егер бұған тиісті жол белгісімен тыйым салынбаса, кері бұрылуға да рұқсат етеді.

*Сілтеме.* Қызыл және сары бағыттаушылардың орнына осы мағынада қара контурлы бағыттаушылар кескінделген дөңгелек қызыл және сары сигналдар пайдаланылуы мүмкін.

Қосымша секциясы бар жасыл бағыттаушы да осындай мәнге ие болады. Қосылмай тұрған қосымша секцияның сигналы осы секциямен реттелетін бағыттағы жүріске тыйым салынғанын білдіреді.

4. Егер бағдаршамның негізгі жасыл сигналына қара контурлы бағыттаушы салынған болса, онда ол жүргізушіге бағдаршамның қосымша секциясын және қосымша секцияның сигналына қарағанда өзге де рұқсат етілген жүру бағыттарын хабарлайды.
5. Егер бағдаршам сигналы жаяу жүргіншінің (велосипедтің) кескіні түрінде орындалса, онда күші тек жаяу жүргіншіге, велосипедшілерге ғана қолданылады. Бұл ретте жасыл сигнал жаяу жүргіншінің (велосипедшінің) журуіне рұқсат береді, ал қызыл тыйым салады.

Велосипедшілердің журуін реттеу үшін сондай-ақ кішірейтілген өлшемдегі дөңгелек сигналы бар, 300x200 мм өлшемді, қара түсті велосипед кескінделген тік бұрышты ақ түсті тақтайшамен толықтырылған бағдаршам пайдаланылады.

6. Загип жаяу жүргіншілерді жолдың жүру бөлігін кесіп өту мүмкіндігі туралы хабардар ету үшін бағдаршамдардың жарық сигналдары дыбыстық сигналмен толықтырылуы мүмкін.
7. Көлік құралдарының жолдың жүру бөлігінің қозғалыс бағыты қарама-қарсы бағытқа өзгеруі мүмкін жол жолақтары бойынша журуін реттеу үшін үшін X үлгісіндегі қызыл сигнал және төмен бағытталған бағыттаушы түріндегі жасыл сигналы бар реверстік бағдаршам қолданылады. Бұл сигналдар тиісінше олар үстінде орналастырылған жолақ бойынша жүргуге тыйым салады немесе рұқсат береді.

Реверстік бағдаршамның негізгі сигналдары бағыттаушы түріндегі, төмен қарай оңға немесе солға қигаштай еңкейтілген, іске қосылған сигналдың аудиосигналының және бағыттаушы нұсқаған жолаққа қатар аудиостыру қажеттігін хабарлайтын сары сигналмен толықтырылуы мүмкін.

Реверстік бағдаршамның екі жағынан «Ашылатын көпір» белгіленген жолақтың үстіне орналастырылған сигналдары іске қосылғанда осы жол жолағына шығуға тыйым салынады.

8. Трамвайлардың, сондай-ақ олар үшін бөлінген жолақпен жүретін басқа маршруттық көлік құралдарының жүрісін реттеу үшін «Т» әрпі түрінде орналасқан төрт ай түстен ақ дөңгелек сигналдары бар бағдаршамдар қолданылады. Бір мезгілде төменгі сигналмен бір немесе бірнеше жоғарғы сигнал іске қосылған кезде ғана олардың сол жақтағысы – солға, ортадағысы – тіке, оң жақтағысы – оңға жүргуге рұқсат етеді.
9. Теміржол өтпесінде орналасқан дөңгелек, жыпылықтап тұратын ай түстес ақ сигнал көлік құралдарының отпе арқылы журуіне рұқсат береді. Ай түстес ақ және қызыл жыпылықтайдын сигнал сөніп тұрған кезде көз жетер шегінде өтпеге жақындан қалған пойыз (локомотив, дрезина) болмаған кезде жүргуге рұқсат етіледі.

## ҚОСЫМША Д

«Нагыз патриот – өз елін мақтайтын  
емес, нагыз патриот кемшиліктерді  
байқап, оларды түзеуге  
ықпалдасатындар»

Н.Ә. Назарбаев

### Қазақстан Республикасының Жол жүрісі туралы Заны

#### “2-бап. Қазақстан Республикасының жол жүрісі туралы заңнамасы.

1. Қазақстан Республикасының жол жүрісі туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңнан, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.
2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаган халықаралық шарттарда осы Заңда белгіленгеннен өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттардың қағидалары қолданылады.

#### 3-бап. Жол жүрісінің негізгі қағидаттары.

Жол жүрісінің негізгі қағидаттары:

- 1) Жол жүрісіне қатысушылардың өмірі мен денсаулығының шаруашылық қызметтің экономикалық науқастарынан басымдығы;
- 2) Жол жүрісі қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуі үшін мемлекет жауаптылығының жол жүрісі қатысушылардың жауаптылығынан басымдығы;
- 3) Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде жол жүрісіне қатысушылар, қоғам мен мемлекет мүдделерінің сақталуы;
- 4) Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жүйелі көзқарас болып табылады.

#### 4-бап. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі.

Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі жол жүрісі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру құралы болып табылады және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қатынастарды реттейтін құқықтық нормаларды, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, заңды тұлғалардың, қоғамдық бірлестіктердің, жол жүрісіне қатысушылардың, жол жүрісі қауіпсіздігін және жол-көлік оқиғаларының зардаптарын жоюды қамтамасыз ететін құралдар мен шаралардың жиынтығын қамтиды.”

#### “18-бап. Жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қызметті үйлестіру.

1. Жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қызметті үйлестіру дер кезінде жол-көлік оқиғаларының алдын алу, олардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою және олардың зардантарының ауырлығын азайту бойынша жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында мемлекеттік органдардың, жеке және занды тұлғалардың келісілген іс-қимылдарды әзірлеуі және жүзеге асыруы арқылы жүзеге асырылады.
2. Үйлестіру қызметінің негізгі міндеттері:
  - 1) мемлекеттік органдар, жеке және занды тұлғалар қызметінің тиімділігін бағалау;
  - 2) Қазақстан Республикасының жол жүрісі туралы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
  - 3) басшылар мен лауазымды адамдардың жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында жүргізген жұмысы туралы есептерін тындау және олардың осы саладағы қызметін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
  - 4) жол жүрісін үйымдастыру және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданбағаны үшін лауазымды адамдарды тәртіптік жауаптылықта тарту туралы ұсыныстарды мемлекеттік органдар мен үйымдарға енгізу болып табылады.”

**“26-бап. Жол жүрісін үйымдастыру процесінде оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі негізгі талаптар.**

1. Қазақстан Республикасының аумағында көлік құралдарының оң жақпен жүруі белгіленген.
2. Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жол жүрісінің бірыңғай тәртібі, жол жүрісін реттеудің техникалық және басқа да құралдарының мақсаты мен қолданылуы жол жүрісі қағидаларында белгіленеді.

Қазақстан Республикасының жолдарында орнатылған жол белгілері менсигналдар, жарық жол сигналдары және жолдардың таңбалануы Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес келуге тиіс.

3. Жол жүрісін үйымдастыру жөніндегі қызмет қолданылуы техникалық регламенттерде регламенттелген және жол жүрісін үйымдастырудың жобалары мен схемаларында көзделген техникалық құралдар мен конструкцияларды кешенді пайдалану негізінде қауіпсіздік талаптарына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.”

**“54-бап. Механикалық көлік құралы меншік иесінің және жүргізушісінің құқықтары мен міндеттері.**

1. Механикалық көлік құралының меншік иесі уәкілетті органның лауазымды адамының талабы бойынша көрсетілген мерзімде өзінің механикалық көлік құралын жүргізу құқығын берген адамның жеке басын куәландыратын деректерді хабарлауға, сондай-ақ міндетті техникалық

қарап тексеру үшін механикалық көлік құралы мен оның тіркемесін уақтылы ұсынуға міндettі.

**2. Механикалық көлік құралы жүргізушінің:**

- 1) тиісті санаттағы механикалық көлік құралын басқаруға, жолдарда жолаушылар мен жүктөрді тасымалдауға;
- 2) өзінің жеке менишіндегі көлік құралын басқару және пайдалану құқығын тиісті санаттағы механикалық көлік құралын басқару құқығы бар басқа адамдарға беруге;
- 3) жүргізушінің құжаттарын тексеруге құқығы бар лауазымды адамнан көлік құралын тоқтату себебіне түсіндірме алуға, бұл ретте фото және бейне түсірілім жүргізуге;
- 4) жүргізушінің құжаттарын тексеруге немесе көлік құралын пайдалануға құқығы бар адамның тегі мен лауазымын жүргізушіге қызметтік күелігін берместен онымен танысу арқылы анықтауга;
- 5) жол-көлік оқиғасы болған жағдайда, егер зардан шеккендер болмаса, болған оқиғаның мән-жайларын бағалауда жүргізушілер өзара келіскең кезде оқиғаның схемасын алдын ала жасап және оған қол қойып, оқиғаны ресімдеу үшін ішкі істер органдарының жақын белімшесіне келуге;
- 6) аса қажет болған кезде, егер мән-жайларға байланысты туындаған қатердің алдын алу басқаша мүмкін болмаса, жол-көлік оқиғасының алдын алу, басқа да адамдардың өмірі мен денсаулығына төнетін қатерді болғызбау үшін бұл қажет болатын жағдайларда, Қазақстан Республикасы заңнамасының тиісті талаптарын орындаудан тартына тұруға құқығы бар.

**3. Механикалық көлік құралының жүргізушісі:**

**1) мыналарды:**

көлік құралын басқару құқығын беретін жүргізуші күелігін не жүргізуші күелігінің орнына берілген уақытша күелікті жүргізушінің жеке басын күеландыратын құжатпен бірге;

көлік құралын мемлекеттік тіркеу тіралы күелікті не көлік құралына менишік құқығын күеландыратын құжатты;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисін және (немесе) тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисін;

жол парагын, алып жүретін жүкке арналған құжатты (тауар - көліктік жүк құжатты) және көлік құралына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де құжаттарды өзімен бірге алып жүргуге және ішкі істер органдарының, көліктік бақылау органдарының үекілеттік берілген лауазымды адамдарының талабы бойына оларға тексеру үшін беруге;

2) ішкі істер, көліктік бақылау органдарының нысанды киім киген қызметкерінің дауыс күшеткіш құрылғысының көмегімен, ыскырып сигнал берумен бір мезгілде жүргізушіге түсінікті және орындалуы авариялық жағдай туғызбайтындей етіп дер кезінде берілуге тиіс көлік

құралына бағытталған қол қимылымен немесе таяқшамен сигнал беруі арқылы көлік құралын тоқтату туралы талабы бойынша көлік құралын тоқтатуға;

- 3) көлік құралының өздігінен жүріп кетуін болғызбайтын шаралар қолданбай, сондай-ақ оны ішкі істер органдарының қызметкері тоқтатқан жағдайда, оның рұқсатынсыз көлік құралын тастап кеппеуге;
- 4) ішкі істер органдары қызметкерінің талабы бойынша масаң күйін куәландырудан өтуге;
- 5) қауіпсіздік белдіктерімен жабдықталған көлік құралымен жүрген ке медизде белдікті тағуға және белдік тақпаған жолаушыларды тасымалдамауға;
- 5-1) мотоциклді басқарған кезде түймеленген мотошлем киүгө және түймеленген мотошлем киүгө және түймеленген мотошлем кимеген жолаушыларды тасымалдамауға;
- 6) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінде белгіленген жағдайларда жол жүрісі қағидаларын білуін тексеруден өтуге;
- 7) көлік құралын:

шығындарды өттептіре отырып, медициналық көмек көрсету үшін жолжөнекей бағытта кетіп бара жатқан медицина қызметкерлеріне, сондай-ақ жедел медициналық көмекке мұқтаж азаматтарды емдеу мекемелеріне жеткізу үшін, сондай-ақ терроризмге қарсы операциялар жүргізу кезінде журу бағытына қарамастан, медицина қызметкерлеріне, ішкі істер органдарының және ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлеріне;

жол-көлік оқиғалары кезінде бүлінген көлік құралдарын тасымалдау, дүлей зілзала болған жерге бару үшін ішкі істер органдарының қызметкерлеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі мен ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлеріне беруге;

8) жол-көлік оқиғасы кезінде оған қатысы бар жүргізуі:

жол жүрісі қағидаларының талаптарына сәйкес көлік құралын дереу тоқтатуға (орнынан қозғамауға), авариялық жарық сигнал беруін қосуға және авариялық тоқтау белгісін (жанып-сөнетін қызыл фонарь) қоюға, оқиғаға қатысы бар заттарды қозғамауға;

зардал шеккендерге дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету үшін ықтимал шараларды қолдануға, жедел медициналық жәрдем шақыруға, ал шұғыл жағдайларда зардал шеккендерді жол-жөнекей көлікпен жөнелтуге, егер бұл мүмкін болмаса, өзінің көлік құралымен жақын жердегі емдеу мекемесіне жеткізуге, өзінің тегін, көлік құралының мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісін хабарлауға (жеке басын куәландыратын құжатты немесе жүргізуі қуәлігін және көлік құралына берілген тіркеу құжатын көрсете отырып) және оқиға болған жерге қайтып келуге;

осы баптың 2-тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, болған оқиға туралы жақын жердегі ішкі істер органына дереу хабарлауға, оны көргендердің тектері мен мекенжайларын жазып алуға және ішкі істер органдары қызметкерлерінің келуін күтүге;

егер басқа көлік құралдарының жүруі мүмкін болмаса, жолдың жүру бөлігін босатуға;

жолдың жүру бөлігін басату қажет болған кезде оқиғаға қатысы бар көлік құралының орналасуын, іздеер мен заттарды күәлардың қатысуымен алдын ала белгілеп, оларды сақтауға барлық ықтимал шараларды қолдануға және оқиға болған жерді айналып өтуді қамтамасыз етуге міндетті.

#### 4. Жүргізушіге:

- 1) көлік құралын басқару құқығын беретін жүргізуші күәлігінсіз не жүргізуші күәлігінің орнына берілген, жүргізушінің жеке басын күәланыратын құжатпен бірге уақытша күәліксіз көлік құралын басқаруға;
- 2) масаң күйде (алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық); реакциясын және назар аударуын нашарлататын дәрілік препараттардың әсерімен; жол жүрісі қауіпсіздігіне қатер төндіретін сырқат немесе шаршаулы күйде көлік құралын басқаруға;
- 3) шықкан жылын қоса алғанда, шығарылғанына жеті жылдан аспаған, автомобиль көлігі саласындағы кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын M1 санатындағы көлік құралдарын қоспағанда, ақауы бар көлік құралын, міндетті техникалық қарап-тексеруден өтпеген көлік құралын басқаруға;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын және (немесе) тасымалдаушының жолаушылардың алдындағы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасаспаған иесінің көлік құралын басқаруға;
- 5) мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілері болмаған немесе олар тіркеу құжаттарына сәйкес келмеген жағдайларда көлік құралын басқаруға;
- 6) алып тасталды – КР 29.12.2014 №269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 7) масаң күйдегі, реакциясын және назар аударуын нашарлататын дәрілік препараттардың әсерінде болған, сырқат немесе шаршаңқы күйдегі адамдарға, сондай-ақ жүргізуге оқып-үйренушілерден басқа, өзімен бірге осы санаттағы көлік құралын басқару құқығын беретін жүргізуші күәлігі (жүргізуші күәлігінің орнына берілген уақытша күәлігі және жүргізушінің жеке басын күәланыратын құжаты) жоқ немесе жол (маршрут) парагында көрсетілмеген адамдарға не көлік құралын басқару құқығы жоқ немесе басқару құқығынан айырылған адамдарға көлік құралын басқаруға беруге;
- 8) ұйымдастырылған (оның ішінде жаяулардың да) колонналарды кесіп өтуге және олардың арасынан орын алуға;
- 9) телефонды не радиостанцияны тыңдауыш немесе қатты дауысты байланысты қолдану арқылы пайдалануды қоспағанда, көлік құралын басқару кезінде оларды пайдалануға;

- 10) тежегіштің жұмыс жүйесі немесе рульмен басқаруы істемейтін, ілініс күрылғысы (поезд құрамында) жарамсыз, сондай-ақ тәуліктің қараңғы уақытында жолдарда жасанды жарықтандыру болмағанда немесе көрінуі жеткіліксіз жағдайларда – шамдары және (немесе) артқы габариттік оттары жанбайтын (жоқ), жаңбыр немесе қар жауып тұрғанда алдыңғы терезе тазалағыштары жарамсыз көлік құралын басқаруға;
- 11) өзінің қатысы бар жол-көлік оқиғасынан кейін не ішкі істер органдары қызметкерінің талабы бойынша көлік құралы тоқтатылғаннан кейін, үекілетті лауазымды адам масаң күйді анықтау мақсатында куәландырудан өткізгенге дейін немесе үекілетті лауазымды адам осындағы куәландыруды жүргізуден босату туралы шешім қабылдағанға дейін алкоголь ішімдіктерін, есірткі немесе психотроптық заттарды пайдалануға;
- 12) жаяу жүргіншілердің өткелдерінде және тротуарлардың немесе жол жиектерінің сызығы бойынша жол қылыштарында; тоннельдерде; көпірлерде, жолткелдерде, эстакадаларда және олардың астында; теміржол өтпелерінде; жолдың журу бөлігінің көріну мүмкіндігі бір жұз метрден кем жерлерде; аялдау пункттері орналасқан жерлерде кері бұрылуға;
- 13) жол қылыштарында және кері бұрылуға тыйым салынған жерлерде артқа жүрге;
- 14) төрт немесе одан да көп жолағы бар екі жақты журу жолдарында жолдың қарсы жүрге арналған жағына шығуға;
- 15) үш жолағы бар, олардың ортаңғысы екі бағытта да журу үшін пайдаланылатын екіжақты жүрүжолдарында қарсы жүрге арналған шеткі сол жақтағы жолаққа шығуға;
- 16) белгіленген тәртіппен айқындалған ең жоғары жылдамдықтан асыруға; көлік құралына орнатылған «жылдамдықты шектеу» таным белгісінде көрсетілген жылдамдықтан асыруға;
- 17) басқа көлік құралдарына кедергі келтіруге;
- 18) егер бұл жол-көлік оқиғасын болғызбау үшін қажет етілмесе, кілт тежеуге;
- 19) журу жылдамдығын арттырумен немесе өзге де әрекеттермен басып озып бара жатқан көлік құралының басып озуына кедергі келтіруге;
- 20) мынадай:
  - реттелетін жол қылыштарында қарсы журу жолағына шыға отырып; реттелмейтін жол қылыштарында бағытын өзгеретін басты жолмен (рұқсат етілген оң жағынан басып озуды қоспағанда) және басты болып табылмайтын жолмен (шеңберлі жүрісті жол қылыштарындағы басып озуды, қапталында тіркемесі жоқ екі дөңгелекті көлік құралдарын басып озуды және рұқсат етілген оң жағынан басып озуды қоспағанда) журу кезінде;
    - жаяу жүргіншілер өткелдерінде жаяу жүргіншілер болған кезде;
    - теміржол өтпелерінде және олардың алдында бір жұз метрден жақын жерде;
    - басып озып немесе айналып өтіп келе жатқан көлік құралын;

өрге көтерілу соңында және көрінуі шектеулі басқа жол учаскелерінде қарсы жүру жолагына шыға отырып;

басып озуға;

**21) мынадай:**

егер бұл трамвайлардың жүруіне кедергі келтірсе, трамвай жолдарына тікелей жақын жерде;

теміржол өтпелерінде, тоннельдерде;

эстакадаларда, көпірлерде, жолоткелдерде (егер осы бағытта жүру үшін жолақ үштен кем болса) және олардың астында (жолақтардың санына қарамастан);

егер бұл көлік құралдарының жүруіне кедергі келтірсе, тоқтаған көлік құралы мен тұтас таңбалау сызығы (жолдың жүру бөлігінің шетін белгілейтіннен басқа) немесе жолдың жүру бөлігінің қарсы шеті немесе жолдың жүру бөлігінің қарсы шетінде тұрган көлік құралы арасындағы қашықтық үш метрден кем болатын жерлерде;

жаяу жүргіншілер өткелдерінде және олардың алдындағы бес метрден жақын жерде;

ең болмағанда бір бағытта жолдың көрінуі бір жұз метрден кем болған кезде қауіпті бұрылышқа және жолдың бойлық қимасының дәңес құлдымаларына жақын жолдың жүру бөлігінде;

қапталдағы өтпенің қарсысындағы тұтас таңбалау сызығы немесе бөлу жолағы бар үшжақты қыысу (қыылыш) жағын қоспағанда, жолдың жүру бөліктерінің қыылышында және жолдың қыылышатын жүру бөлігінің шетіне отыз метрден жақын жерде;

аялдама аландарында және оларға он бес метрден жақын жерде, ал олар болмаған кезде маршруттық көлік құралдары немесе такси аялдамасының нұсқағышынан он бес метрден жақын жерде;

көлік құралы басқа жүргізуілерден бағдаршам сигналдарын, жол белгілерін көлегейлейтін немесе басқа көлік құралдарының жүруіне (кіруіне немесе шығуына) мүмкіндік бермейтін немесе басқа көлік құралдары мен жаяу жүргіншілердің жүруіне кедергі (кептеліс) келтіретін жерлерде;

гүлзарларда, көгалдарда, балалар және спорт аландарында тоқтауға;

**22) мынадай:**

тоқтауға тыйым салынған жерлерде;

эстакадаларда, көпірлерде, жол өткелдерде;

елді мекендерден тыс жерлерде

«Басты жол» жол белгісімен белгіленген жолдың жүру бөлігінде;

теміржол өтпелеріне елу метрден жақын жерде;

егер тұрғындарға қолайсыздық келтіретін болса, елді мекендерде қозғалтқышы жұмыс істеп тұрган механикалық көлік құралдарының;

гүлзарларда, көгалдарда, балалар және спорт аландарында тоқтап тұруына;

- 23) бұл жол жүрісіне басқа қатысушыларға кедергі немесе қауіп келтірмейтініне көз жеткізбейінше, көлік құралының есіктерін ашуға, оларды ашық қалдыруға немесе жолдың жүру бөлігіне шығуға;
- 24) егер көлік құралдарының көлденең бағытта жүруіне кедергі келтіре отырып, жүргізушіні тоқтауға мәжбүр ететін кептеліс пайда болса, жол қыылысына немесе жолдың жүру бөліктерінің қыылысына шығуға;
- 25) жүргізушіге шолуды шектейтін жол-жөнекей бағытта жүріп бара жатқан көлік құралдарының алдына түсуге;
- 26) егер жүргізушіні жаяу жүргінші өткелінде тоқтауға мәжбүр ететін, езінен кейін кептеліс пайда болса, жаяу жүргінші өткеліне шығуға;
- 27) мынадай:
- шлагбаум жабық тұрған немесе ол жабыла бастаған кезде (бағдаршам сигналына қарамастан);
  - бағдаршамның тыйым салатын сигналы кезінде (шлагбаумның орналасуына және оның бар-жоғына қарамастан);
  - өтпе кезекшісінің тыйым салатын сигналы кезінде (кезекші жүргізушіге қеудесімен немесе арқасымен тұрған, таяқша, қызыл фонарь немесе жалауша ұстаган қолын жоғары көтерген не қолдарын екі жаққа созған);
  - егер өтпенің арғы жағында жүргізуіні өтпеде тоқтауға мәжбүр ететін кептеліс пайда болса;
  - егер көріну шегінде өтпеге поезд (локомотив, дрезина) жақындаған қалса, теміржол өтпесіне шығуға;
- 28) теміржол өтпелерінен тыс жерде теміржолдардан өтуге;
- 29) қарсы жүру жолағына шыға отырып, теміржол өтпесі алдында тұрған көлік құралдарын айналып өтуге;
- 30) теміржол өтпесіндегі шлагбаумды өз бетімен ашуға;
- 31) теміржол дистанциясы бастығының рұқсатының теміржол өтпесіарқылы ауыл шаруашылығы, жол, құрылыш және басқа да машиналар мен механизмдерді көліктен тыс жағдайда өткізуғе, жылдамдығы сағатына сегіз километрден кем баяу жүретін машиналардың, сондай-ақ трактор шана-сүйретпелерінің жүруіне;
- 32) автомагистральдарда;
- велосипедтерді, мопедтерді, тракторларды және өздігінен жүретін машиналарды, сондай-ақ техникалық сипаттамалары немесе олардың жай-күйі бойынша жылдамдығы сағатына қырық километрден кем өзге де көлік құралдарын басқаруга;
- рұқсат етілген ең жоғары массасы үш жарым тоннадан асатын жүк автомобилдерін екінші жолақтан әрі басқаруға;
- «Тұрақ орны» немесе «Демалыс орны» жол белгілерімен белгіленген, тұраққа арналған арнайы алаңдардан тыс жерлерге тоқтауға;
- бөлу жолақтарының технологиялық айырымдарында көрі бұрылуға және оған кіруге;
- артқа қарай жүруге;
- жүргізіп үйренуге;

- 33) Тұрған аймақта:
- көлік құралдарының толассыз жүруіне;  
 жолдың жүру бөлігінен тысқары жерде көлік құралының жүруіне;  
 жүргізіп үйренуге;  
 қозғалтқышы жұмыс істеп тұрған күйде тоқтап тұруға;  
 рұқсат етілген ең жоғары массасы үш мың бес жұз килограмнан асатын жүк автомобильдерінің, автобустардың арнайы бөлінген әрі белгілермен және (немесе) таңбалармен белгіленген орындардан тыс тоқтап тұруына;  
 дыбыс сигналын беруге, музыканы қатты қосуға;  
 тротуарларда, көгалдарда, балалар және спорт алаңдарында тоқтап тұруға;
- 34) иілгіш немесе қатты тіркемемен сұйреткен кезде – сұйретілетін автобуста (троллейбуста) және сұйретілетін жүк автомобилінің шанағында жолаушылардың болуына, ал таразыға тарту немесе ішінара тиеу арқылы сұйреткен кезде сұйретілетін көлік құралының кабинасында немесе шанағында, сондай-ақ сұйретушінің шанағында жолаушылардың болуына жол беруге;
- 35) мынадай:
- рульмен басқаруы іstemейтін көлік құралын (аспалы тұрде немесе жартылай тиеу әдісімен сұйретуге жол беріледі);  
 екі және одан көп көлік құраалын;  
 егер нақты массасы сұйрейтін көлік құралының нақты массасының жартысынан артық болса, тежеу жүйесі іstemейтін көлік құралын сұйретуге тыйым салынады. Нақты массасы аз болған кезде мұндай көлік құралын қатты тіркемемен немесе ішінара тиеу әдісімен ғана сұйретуге жол беріледі;  
 қапталдағы тіркемесі жоқ мотоциклмен, сондай-ақ мұндай мотоциклді; көктайғақта іілгіш тіркемемен сұйретуге;
- 36) жолаушыларды:
- автомобильдің (борт платформасы бар жүк автомобильінің шанағында немесе фургон шанақта жолаушыларды тасымалдау жағдайларынан басқа), трактордың өздігінен жүретін машинаның кабинасынан тыс, жүк тіркемесінде, тіркеме-үйшікте, жүк мотоциклінің шанағында және мотоцикл конструкциясында отыру үшін көзделген орындардан тыс;  
 көлік құралының техникалық сипаттамасында көзделген санынан артық тасымалдауга тыйым салынады, бұл ретте көлік құралының нақты массасы жасаушы кәсіпорын белгілеген рұқсат етілген ең жоғары масса шамасынан аспауга тиіс;  
 мотоциклдің артқы орындығында масаң күйде;  
 жүк автомобильінің шанағында отыру үшінжүк автомобильінің шанағында отыру үшін жабдықталған орындардың санынан артық тасымалдауга;
- 37) он екі жасқа дейінгі балаларды:

мотоциклдің артқы ормотоциклдің артқы орындығында; балаларды арнайы ұсташа құрылғысы немесе баланы қауіпсіздік белдігініңкөмегімен тағып қойылына мүмкіндік беретін, көлік құралының конструкциясында көзделген өзге де құралдар болмаған кезде, ал механикалық көлік құралының алдыңғы орындығында балаларды арнайы ұсташа құрылғысы болмаған кезде тасымалдауға тыйым салынады.

#### *Ескертулер.*

1. Әскери көлік құралдарының жүргізушілері әскери полиция органдары қызметкерлерінің талабы бойынша масаң күйге куәландырудан өтуге міндетті.
2. Көлік құралын беру туралы талап тиісті иммунитеті бар шет мемлекеттер өкілдіктерінің және халықаралық ұйымдардың көлік құралдарына қолданылмайды.
3. Осы баптың 3-тармағының 7) тармақшасында көрсетілген, көлік құралын пайдаланған адамдар жүргізушінің талабы бойынша анықтама беруге немесе жол парагина (жолдың ұзақтығын, жүріп өткен қашықтықты, өзінің тегін, лауазымын, қызметтік куәлігінің нөмерін, өз үйымының атауын көрсете отырып) жазба жасауға тиіс.
4. Мемлекеттік ұйымдардың қызметкерлеріне көлік құралын беруге байланысты шығыстарды көлік құралы иесінің талабы бойынша өз құзыреті шегінде уәкілетті органдар белгілеген тәртіппен осы ұйымдар өтейді.
5. Жол жүргендеге көлік құралдарын пайдалануға тыйым салатын және жүргізуші анықтай алатын өзге де ақаулар мен жағдайлар туындаған кезде ол бұларды жоюға тиіс, ал егер бұл мүмкін болмаса онда қажетті сақтық шараларын сақтай отырып, тұрақ немесе жөндеу орнына бара алады.

*Ескерту. 54-бапқа өзгерістер енгізілді. КР 04.07.2014 №233-V (алғашқы ресми жарияланған күнімен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 №269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2017 №83-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

#### **55-бап. Жолаушының құқықтары мен міндеттері**

1. Жолаушының:
  - 1) көлік құралы жүрісінің жағдайлары мен тәртібі туралы анық ақпаратты уақтылы алуға;
  - 2) көлік құралымен қауіпсіз жол жүргүре және бағажды алғып жүргүре;
  - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда келтірілген залалды өтеттіруге құқығы бар.
2. Жолаушы:

- 1) алып тасталды – КР 03.07.2017 №83-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
  - 2) қауіпсіздік белдіктерімен жабдықталған көлік құралымен жол жүрген кезде оларды тағуға, ал мотоциклмен жол жүрген кезде – түймеленген мотошлем киуге;
  - 3) тротуар немесе жол жиегі жағынан және толық тоқтағаннан кейін гана отыруды және түсуді жүзеге асыруға міндетті. Егер тротуар немесе жол жиегі жағынан отыру және түсу мүмкін болмаса, бұл қауіпсіз болатын және жол жүрісіне басқа да қатысушылар үшін кедергі келтірмейтін жағдайларда жолдың жүру бөлігі жағынан жүзеге асырылуы мүмкін.
3. Жолаушыларға:
- 1) көлік құралының жүруі кезінде жүргізушіні оны басқарудан алаңдатуға;
  - 2) борт платформасы бар жүк автомобилімен жол жүрген кезде түрегеліп тұруға, бортқа немесе борттардан биік тұратын жүктің үстіне отыруға;
  - 3) көлік құралының жүруі кезінде оның есіктерін ашуға, сондай-ақ терезесінен және люгінен басын шығаруға тыым салынады.

*Ескерту. 55-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 03.07.2017 №83-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).*

## 56-бап. Жаяу жүргіншінің құқықтары мен міндеттері.

1. Жаяу жүргіншінің құзыретті органдардан, жолдардың, өтпелердің және басқа да жол құрылыштарының иелерінен қауіпсіз жүру үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуді талап етуге құқығы бар.
- 1-1. Жаяу жүргінші:
- 1) тротуарлармен және жол жиектерімен, жаяу жүргінші жолдарымен және жүруге жайластырылған және ыңғайластырылған басқа да жерлермен жүріп-тұруға;
  - 2) жолдың жүретін бөлігін жаяу жүргінші өткелдерімен, оның ішінде жерасты және жерусті өткелдерімен, көрінетін жерде олар болмаған кезде – тротуарлардың немесе жол жиектерінің бойымен жол қылыштарында, көрінетін аймақта өткел немесе жол қылышы болмаған кезде жолдың жүретін бөлігінің шетіне тік бұрышпен кесіп өтуге;
  - 3) жаяу жүргінші өткелінен тыс жерде жолдың жүретін бөлігін кесіп өткен кезде көлік құралдарының жүрісіне кедергі келтірмеуге және жақындаш қалған көлік құралдарының тасасынан шықпауға;

- 4) реттелмейтін жаяу жүргінші өткелдерінде жолдан өту өзі үшін қауіпсіз болатынына сенімді болғаннан кейін гана жолдың жүретін бөлігіне шығуға;
  - 5) маршрутты көлік құралы мен таксиidl – аялдама пункттерінде, ал олар болмаған кезде - тротуарда немесе жол жиегінде күтүге міндettі.
2. Жаяу жүргіншіге:
- 1) елді мекенде бөлу жолағы болған кезде жолдың журу бөлігін жаяу жүргінші өткелінен тыс жерден, сондай-ақ жаяу жүргіншілердің немесе жолдың қоршаулары орнатылған жерлерден өтуге;
  - 2) автомагистральдарда тұруға тыйым салынады.

*Ескерту. 56-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 03.07.2017 №83-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).*

**57-бап. Мопед, велосипед жүргізушілерінің, жол бойымен мал, табын, жүк артылған, жегілген малды немесе мініс малын айдаушылардың құқықтары мен міндettteri**

1. Мопед, велосипед жүргізушілерінің, жол бойымен мал, табын, жүк артылған, жегілген малды немесе мініс малын айдаушылардың жол жүрісі қағидаларына сәйкес жолдарда жүруге құқығы бар.
2. Мопед, велосипед жүргізушілері, жол бойымен мал, табын, жүк артылған, жегілген малды немесе мініс малын айдаушылар Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен жол жүрісі қағидаларын білуге және сақтауға міндettі.
3. Мопед пен велосипед жүргізушілеріне:
  - 1) ең болмағанда бір қолымен рульден ұстамай жүргізуге;
  - 2) жолаушылар тасымалдауға;
  - 3) ғабаритінен ұзындығы немесе ені бойынша елу сантиметрден артық шығып тұратын жүкті немесе басқаруға кедергі келтіретін жүкті тасымалдауға;
  - 4) қатарында велосипед жолы болған кезде жолмен жүруге;
  - 5) трамвай жүретін жолдарда және осы бағытта жүруге арналған біреуден артық жолағы бар жолдарда солға бұрылуға немесе кері бұрылуға;
  - 6) мопедпен және велосипедпен пайдалануға арналған тіркемені сүйретуден басқа, мопедтер мен велосипедтерді, сондай-ақ мопедтермен және велосипедтермен сүйретуге;
  - 7) жаяу жүргінші өткелімен жүруге тыйым салынады.

*Ескерту. 57-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 03.07.2017 №83-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі). ”*